

П И О Н Е Р



ДЕКАБРЬ

1954 ЖЫЛ

№ 12

ҚЫСҚЫ КЕШТЕ

Қыс келді де аралады әр үйді,
Балалардың терезесін қаққылап.
Мамық қардан жер де киім киінді,
Мұзойнақтың мұзы қатып қаттырақ.


Кезек күтіп дабырласып топ бала,
Таудан төмен сырғанайды шанасы.
Хоккейшілер алаңда жүр доп қаға,—
Қызу, қызық спортшылар таласы!

Ағалары інілерін қолтықтап,
Мұзойнақта қатар коньки тебеді.
Сағынғандай сары аяз да қытықтап,
Балалардың беттерінен өбеді.

Тау бөктері, қыраттардың қабағы
Тыныштықта, қар борамай, жел еспей.
Жүйткігенде жүрек дүрсіл қағады,
Шаңғышыға ұшқыр жел де ілеспей.

... Біз әзірміз кезектегі сабаққа,
Қызықпенен өткіземіз кештерді.
Сау дененің ойы да сау әрі зкта,
Табельдерден көресің көп «бестерді».

Қадыр Мырзалиев.





Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.

Путиловшының әңгімесі

Л. Пантелеев

Біздің онда алғашқы совет тракторларын шығаруды қолға алып жатқан кезіміз. Заводымызға күнде дерлік Киров жолдас келіп тұратын. Ол кісі кейде тіпті түнделетіп жүреді. Қелетінін ешкімге айтпайды да, ескертіп те жатпайды.— Сәламатсыздар ма, халдарыңыз жақсы ма? — деп жетіп келеді.

Бір күні, сол дағдысы бойынша, түнгі смена кезінде келе қалды. Қелген бетінде мастерлерді, инженерлерді, цех бастықтарын жыйып алып, трактор мастерскойына барды.

Әлі есімде, темір жонғыш станоктың алдына келіп, әңгімелесіп тұрдық. Ал, әңгімелесу деген сондай қыйын. Мастерской іші айғай-шу, азан-қазан, машиналардың зырылы, өздерінің Мироновичын құттықтаған жұмысшылар даусы... Ештеңе естіп болмайды.

Байқаймын, бір сәт Киров әлденеге құлағын түріп, кабак шыта тынып қалды.

Апыр-ау, не болды екен? Ол манда неменеге алаңдауы мүмкін? — деп ойлаймын.

Айналасындағы жұрт дуылдасып, оған әлденелер айтып жатыр. Ол болса, тұрған орнынан тапжылмай, көз қыйығын әлде қайда салып, машинанын астына үңіледі.

Мен оған айғайлап:

— Сергей Миронович, сізге не болды? Жай ма? — деймін.

Ол басын шайқап, бет әлпетін өзгертті де:

— Шықырлайды,— деді.

— Не шықырлайды?

— Машина шықырлайды.

Бұл сәт жұрттың бәрі, әрине, тына қалған еді. Тындай бастадық. Не дерсіз, ешкімге ештеңе естілмейді, зыңылдаған ештеңе сезілмейді. Тек темір жонғыш станокта істейтін бір қарт жұмысшы ғана естігені бар емес пе:

— Ия, рас... Жонғыш аздап шықырлайды білем,— деді ол.

— Тісі мұқалған,— деді Киров оған.

— Жоқ,— дейді жұмысшы,— мұқалуы мүмкін емес.

— Мен саған мұқалды деп тұрмын ғой. Бес пе, алты ма миллиметр мұқалған. Ал, кәне, байқап көре ғой!

Байқадық, сізге өтірік, маған шын, темір жонғыштың тісі расында да қажалған болып шықты. Кронциркульді алып өлшеп жіберсек, тура бес миллиметр қажалыпты.

Әлгі темір жонғыш шалдың таң қалғаны сондай, тіпті не дерге білмей, орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Содан кейін:

— Ғапу етіңіз, Сергей Миронович, қалайша сіз мұны сездіңіз? — деп сұрады.

— Қалай сездім? — дейді Киров,— мен деген ақ саусак қыздарға тәлім беретін институтта тәрбиеленгенім жоқ. Қымбатты ата-ау, мен деген сонау қол өнер училищесінде жүргенде темір жонған адаммын. Қолымның күсі де әлі күнге кетіп болған жоқ.



ҰСТАЗ

Очерк

I.

Мектеп есігінің тұтқасын өзі тартып ашуға, оқушы партасына тұңғыш рет отыруға ынтығып келген әр жас адамды Клавдия Максимовна мектеп алаңында қарсы алды. Әр-бірімен ежелгі танысындай-ақ күліп амандасып, хал-жай сұрап, сәлден кейін салтанатты жыйын ашылатынын түсіндіріп, өз оқушыларын бой ретімен қатарға өзі тұрғызды. Балалардың ере келген туыс-туғандары өз алдына бір сән құрап, біресе оқытушыға, біресе өз баласына қарайды, қуанады, көңілі толады.

Жас оқушының көңілі де алып-ұшады, нәзік жүрегі лүпіл қағады. Оған бәрі де қызық, ол бәріне де ынтыға әрі құмарта көз салады. Өзінен ересек әр баланың қыймыл-құбылысына іңкәр ниетпен қарайды. Сол өзінен бірер жыл ғана жасы үлкен баланың әрекет-қыймылы дұрыс па яки бұрыс па, сыпайы ма, жә дөкір ме — мұнда оның жұмысы да жоқ, әйтеуір соған ұсап баққысы келеді. Өйтпегенде ше! Ол мектеп есігін өзінен бұрын ашқан адам ғой!


Бұл күйді Клавдия Максимовна айқын танып сезеді. Ол және де әр жаңа келген

оқушының мінез ерекшелігін аңдап, көңіліне кондырып тұрды.

«Жас оқушы әр нәрсеге ынтық та, еліккіш келеді. Олардың өмірге көзқарасы, мінезінің дұрыс қалыптасуы жолындағы тәрбие жұмысында әр көрнекті істі, жақсы үлгіні әрдайым бойларына сіңіре беру керек» деп ойлады Қозакова. Осы бір мақсат көңіліне ежелден нық ұялап қалған еді.

Бүгінгі жыйында мектеп есігін алғаш ашушылар сондай өнегені өз көздерімен көрді. Мектептің оқу озаттары бұларды қызу құттықтап, игі тілек-үміт білдірді. Осы сөзді өздері былтыр ғана естіген жас оқушылар олардың ыстық құшағына қызыл гүл құшақтатты. Мектепті қамқорлықтарына алған мекемелердің де құттықтау-тартуы мол екен. Бірі терезеге құратын жібек перделер, бірі столға жабатын дастарқандар сыйлады, әр баланың қолына бір-бір қорап түсті бояу қарындаштар ұстатты. Бәрі де бірінші жылғыларға, және олар оқыйтын кластарға берілген сыйлық.

Өз қарауындағы оқушыларды класқа бастап келіп қысқа ғана әңгіме өткізгенде Клавдия Максимовна айтар сөзін осы көріністен өрбітті.



— Әлгінде өздерің көрдіндер ғой, балалар, сендердің оқу оқығандарыңа жұрттың бәрі қуанады. Олар бәріннің де үздік оқып, өнегелі тәртіпті болуларыңды ғана тілейді. Міне, осы отырған мектептерің өздеріңдікі. Мұны сендерге туысқан совет үкметі сыйға берген. Біздің еліміздегі барлық балалардың да осындай сүйікті мектебі бар. Совет балалары бақытты! — деп оқытушы өзіне жаудырап қана тапжылмай қарап отырған жас өрімдердің жүрегіне қаулап өршір ұшқын түсіріп, сабырмен ғана жайлап сөз қозғады. Оқушылар ойын еппен қалқытып әкеп шәкірттерін мектеп өмірінің бастапқы табалдырығына шығарды.

Ең алдыңғы қатарда аласа ғана бойлы, талдырмаш қана, қоңыр көйлекті бір бала отыр еді.

— Қане, Саша, сен айтшы, осы мектепке не мақсатпен келдің? — деп сұрады одан Клавдия Максимовна әдейі баланың ойын білгісі кеп.

— Оқу үшін. — деді Саша. Сабырлы пішінде оқытушы сұрағына ғана нақты жауап қатты.

— Ал, сенші, Надя?

Надя орнынан тез ұшып тұрагелді де:

— Мамам менің оқу оқығанымды жақсы көреді, — деді басын қыйсайтып тұрып.

— Папаңшы? — деді әдейі Клавдия.

— Ол да жақсы көреді.

Менің папам өте жақсы!

— Папаңның аты кім?

— Білмеймін...

Клавдия қайталап сұрады:

— Папаңды жолдастары не деп атайды, мамаң қалай атайды?

Надя саусақтарымен партаны сызғылап, қыйбыжықтап: «білмеймін... Ал, мамамның аты Тамара Андреевна... Ол врач» деді.

— Папаңның есімі Павел ғой, — деді оқытушы.


— Ия, Павел, Павлик, Павлуша, — деді Надя жыпылдап.

Екі оқушыға бір ғана түрлі сұрақ қойып еді. Екеуі бала мінезінің екі түрлі сыйпатын аңдатты. Саша момын ғана, үн-түнсіз, ешкімге соқтықпай тыныш жүретін, бас-

артық сөзі жоқ салмақты бала, ал Надяның мінезі одан мүлде ерекше. Бұл жас қыздың мінезі Клавдия Максимовнаға алып-ұшпа, ұйтқып тұратындай көрінді және де Надяның сөз нақысында, дауыс ырғағында тым еркінсіп кеткен еркелік шолжың бар.

Әр әрекеттің жөн-жосығына, әсіресе, өнеге үлгісіне, қайшы қылыққа тап кезінде мән беру, оқушының теріс ісін сол сәтінде өзіне түзеттіріп отыру Клавдия Максимовнаның өзі көп қолданып, терең барлаған ұстаздық әдісінің бірі еді. Қластағы әңгімеден соң ол балаларды коридорға бастап шығып, мектеп ішінде экскурсия жасап, жаңа келгендерді әр бөлмемен, бұйым-заттармен таныстырды. Енді солармен бірге ұзын залды өрлеп көшеге шыққалы беттеп келе жатыр еді. Кейінгі жақтағы балалардың бірі жанқалтасынан шеті жалбырап шығып тұрған қағазды тез жұлып алып, дар-дар айырып, серпе шашып жіберді. Оқытушы байқап қалды оны. Балаларды аз бөгеп:

— Мен әлгінде мектеп ішін таза күтіп ұстау жөнінде әңгіме айттым ғой. Қолдағы керексіз қағазды кез келген жерге шашып тастай салуға болмайды. Мына коридорды Клава апай айнадай етіп жуып-сүртіп қойды. Біз оны ренжітпеуіміз керек. Анау қағазды лақтыра шашқан қайсың? — деді Клавдия білмегенсіп. Бала өз әрекетін мо-



Оқу озаттары Саша Отроков пен Вова Чуриков (сол жақтағы).

Суретті түсірген П. Редько.

йындар ма екен деп әдейі бақылап еді, бірақ, анау үндемеді.

— Қағазды шашқан осы,— деді көршісі көк көйлекті баланы көрсетіп.

— Жоқ мен емес,— деп танды бала.

— Мен де көрдім, сенсің,— деді екінші көршісі.

Бұл жолы көк көйлекті ештеме дей алмады. Енді ғана мойындағандай кішірек көздері жыпылық-жыпылық етті.

— Жұмат, тастаған қағаздарыңды теріп ал. Ендігәрі бұлай етпе.— деді оқытушы оған. Ол бүкіл балалар назарын өзіне аударып: — Сендер енді оқушысындар. Мектеп ішін ыбырсытуға болмайды. Тазалық сақтау керек,— деді.

Оқытушы ойында және бір сұрақ та тұтанды. «Әлгі бала неге дереу мойындамады. Жалған сөйлеуінің себебі неде?» деп ойлады Клавдия Максимовна. Қабағын сәл шытынып, бір жайға сәл үңіліп қалды. «Ия мұны зерттеу керек, көзін табу керек» деп түйді ол ойын.

II.

Келесі күні жас оқушы ерте тұрып, портфелін көтеріп, жана оқу жылының алғашқы сабағына келді. Ұстазы мұны тап кешегідей жылы шыраймен мектеп алаңында қуанып қарсы алды. Жас құрбылар түгел жыйылып сап құрды. Әсем сынғыр үнімен мектеп қонырауы бұларды тұңғыш рет класқа еруге шақырды.

Бірінші күнгі сабақта оқытушы көп жайға үңіліп, көп жайдың сырын аңғарды. Өз класында оқыйтын қырық екі оқушыда қырық екі түрлі мінез, алуан түрлі қылық бар. Барлап отырсаң, әрқайсысының сөзінен де әр жайдың таңбасын таныйсың. Бірінің сөзі түйеден түскендей кеп-кесек, енді біреуінің сөзінде бірде ойлы, бірде аңғырт, құбылып тұрған рең бар. Ұстаздың жіті көзі бәрін аңдып, көңіліне түрлі ой түйген еді.

«Жұматтың өткен жолғы өтірік айтуының мәнісі — баланың бір зәбір көруінен кейінгі екінші рет сондай халден жалтаруға дағды еткен машығы болар ма?» деп ойлады Клавдия Максимовна. Бір күні баланы тақтаға шақырып, алғашқы үйренген әріпті жаздыру үстінде ол осы ойының туралығына көз жеткізді.

Жұмат әріпті дұрыс жазбады. Оқытушы көрнекті құралдан сол әріпті нұсқамақ болып жіңішке ғана көрсеткіш таяқшасын ілгері соза беріп еді. Тақта алдында тұрған

Жұмат еңкейе бұғып, қатты жасқанып қалды.

— Мұның не, Жұмат-ау, басына салып қалар деп ойладың ба? — деді сәл жымыйып Клавдия.

— Жоқ,— деді Жұмат.

— Үйде саған ешкім ұрыспай ма, ұрмай ма? — деп сұрады оқытушы.

Бала беті жыбыр-жыбыр етіп, сәл бөгеліп:

— Ұрсады, кейде ұрады,— деді жымыңдап.

Клавдия Максимовна баланың әкесімен үйіне барып әңгімелесіп еді. Мәселе былай екен: үйде онаша қалғанда Жұмат екі рет ыдыс сындырып алып және мұны жасырмай өзі айтыпты да, сыбағасына таяқ жепті. Үшінші рет осындай бір қысылтаяң күйге душар болғанда, бала бүлдірген ісін мойына алмай өтірік айтыпты. Мұнысын ешкім сезбепті. Басты арашалаудың алғашқы тәжірибесін жасап көрген бала содан былай, қыйсыны келген жерінде, өтірікті соғып жібереді екен-ау!

Бірақ, Жұматтың бір өтірігі мектепке келген күні-ақ көптің көзінше қолға түсіп қалды ғой. Оқытушы жекіп ұрыспады оған. Сонда да көздері жыпылықтап бала қатты қысылды. Сол сәтте өзіне қадала қалған жас достарының көзіне тура қарай алмай басы да төмен салбырай беріп еді. «Бала өз айыбын сезіп ұялды, ең жақсысы осы ғой» деп сүйінді ішінен Клавдия.

Ол сабырмен ғана байсалды сөйлесіп отырып, Жұматтың әкесіне үлкен мін тақты.

Ол Жұматтың мектеп ішінде қағаз жыртып шашқанын мойындамай қалай таңғанын, бірақ өз құрбыларының оны бұлтартпағанын, айыбы әшкере болған шақта баланың шаяндай қызарып ұялғанын күлімсірей отырып баяндап келіп:

— Сіздің ұлыңыз жақсы бала, ол өз мінін түсінді,— деді Жұматтың әкесіне.

Жұрт «тәртіпсіз» деген баланың бойында да бір тәуір қасиеті болады деп ұғады Клавдия. Тәрбие жұмысында сол қасиетті өршіте түсуге аса мән береді. Соның өзін бала мінезіндегі ақау-мінді түзеуге алдымен дәру етіп жұмсайды. Жұмат Дадабаев мектеп ішінде пысық та белсенді.

— Жұмат бүгін кезекшілік міндетін жақсы атқарды. Желдеткіштерді ашып кластың ауасын жақсартып тұрды. Тақта сүртетін шүберекті үзіліс сайын сулап, әзір етіп отырды. Бүгінгі жақсы ісі үшін мен оған бес

қоямын,— деді бір күні Клавдия оқушылар алдында оның есімін ерекше атап.

Жұматтың көңілі өсіп көтеріліп қалды. Көршісіне қарап, жымыңдай қозғалақтап, аз-аздап қопақтап та қойды. Ұстазына да қайта-қайта қарағыштай берді. «Сол тәрбиеші адамды ренжітпесем екен!» Бала жүрегіне нәзік қана, ыстық қана осы сезім оралды.

III.

Әр күн сайын жас оқушылар өмірінде де сан алуан жаңалықтар туып жатты. Күн озған сайын олар әрбір әріп, әрбір цифрды

Әр жолы түрлі әдіс қолдану арқылы Клавдия Надянің еркі әлсіз, шыдамы босаң екенін білді. Жас қыздың мінез-кұлқын барлап қараса, бәрі де үйішіндегі еркеліктің салдары сияқты. Надя әке-шешесінің тұңғышы ғой, жасынан-ақ қызының көңілі қалағанын олар алдына тоса бергендей, айтқанын екі етпей орындай бергендей. Кішкентай ғана Надянің ұстаздың сөзінен гөрі өз дегенін орындауға талпына беруі осыдан болар.

Клавдияға осы ой келді. Ол өз ойын Надянің туыскандарына айтқанда, дәрігер Тамара Андреевна қарт ұстаздың әжімді жүзіне сүйсіне қарап отырып:



К. М. Қозакова ән сабағын өткізіп тұр.

терең танып келеді. Ұлы өміріміздің ұсақ-ұсақ бір тетіктерін меңгеріп жатыр. Ұстаз да осыған қуанады, көңілі шалқыйды. Жап-жас шәкіртінің қаламды еппен ғана сыяға батырып, нәзік қолы сәл дірілдеп қана дәптер бетіне өрнек түсіріп әріп жазғанына қарайды. Түлегінің дәптеріне үніліп, үнсіз ғана барлайды, әріпті қалай салуды үйретеді. Бала мінезі, ерік күші, шыдам төзімі әр оқушыда әр қылы. Мұны да байқап қалады.

— Мұның не, Надя, дәптеріңе не ғып төгіп алдың? — деді ол Анненковаға таза жазу сабағында.

— Асықтым, тез жазғым келді,— деп Надя тілін шығарып еркелей жымыңдады.

— Мен асықпай жазындар дедім ғой. Айтқанды орындамадың. Дәптердің келесі бетіне жөндеп қайта жаз. Болған соң маған көрсет,— деді оқытушы салмақты түсін бір-қалыптан өзгертпей сөйлеп.

— Клавдия Максимовна, сөзіңіз өте әділ, тура танығансыз. Тұңғышымыз болған соң Надямізді тым еркіне жіберіп алыппыз, әмірін орындай беріппіз. Біздің қызымыз — сіздің шәкіртіңіз. Тәрбие ісінде сіз — бізге, біз — сізге көмектесейік,— деп ынтық тілек білдірді.

— Надя—менің де қызым. Оның өнегелі болғанына туған анасынан кем қуанам ба екен! Түлегіміздің нағыз адам боп жеткенін тезірек көрсек дейміз. Ортақ арманымыз осы емес пе! — деді Клавдия нұрлы, ажарлы пішінде.

Қарт ұстаз өз тәрбиесіндегі бар жас өрімнің өнегелі өнерлі болып түлеп ұшуын ғана армандайды. Солардың өмір биігінде еркін самғап жүрген жақсы күнін көруге асығады. Әр оқушының жанына игі қасиеттерді ғана еге бергісі келеді. Сабақты озық үлгіретін, тәртібі де үлгілі оқушының бойында да бас-

қа бір кемістік болуы мүмкін ғой. Козакова өзінің ұстаздық тәжірибесінде мұндай күйге талай кездесіп те қалған. Ол Надямен бір партада көрші отыратын Саша мінезінен өзгеше бір жайды сезіп жүр еді. Саша Отроков озат оқушы, шөлкес мінезі жоқ тәртіпті бала. Сабаққа тыныш қана келіп, партасына үнсіз ғана барып отырады, сөзге де тым сараң. Үзіліс кезінде тып-тыныш, сап-салқын, егде адамша салмақты кейіпте ғана жүргені. Балалық ойынға да елігуі аз.

«Бала деген ойынқұмар, еліккіш келеді, әр нәрсеге бір соқтығып та қалады, жарқылдап жүруші еді. Саша бірақ мұндай емес. Неге бұлай?» — деп жиі ойлады Клавдия Максимовна.

Баланың үйдегі жағдайын, айнала төңірегін жете зерттеп шыққанда бұл сұрағына жауап тапты ол. Өзі үңіліп көргенін, барлап, бақылағанын Сашаның туыскандарына түгел ағытып, пікірлесіп еді.

— Мен өзім шофермін ғой, жұмыстан шаршап келемін де тыныш қана жатып демаламын. Сіз айтқандай баланың ой-өрісін, ұғым-түсінігін дамыта беру үшін түрлі тақырыпта баламен әрдайым әңгімелесіп отыруға назар салмағанымыз рас, — деді Сашаның папасы Федор Дмитриевич.

— Баланы жарқын мінезге, әрқашан көңілді, сергек болуға тәрбиелеуге үйішіндегі үлкендердің әңгімесі ықпал етеді. Бұған назар салмауыңыз жол емес. Кісі жұмыс істегенде шаршауы әбден мүмкін, бірақ адам тәрбиелеу ісінде ешқашан қажуға тиісті емеспіз, — деді Клавдия Максимовна.

Ақылды сөзден қызара ұялып үп-үлкен Федор Дмитриевич балаша төмен қарады.

Клавдия мектепке келгенде оған қара костюмді, шляпасын қабағына түсіре сәл қыйсайта киген бір интеллигент жолықты.

— Бірінші «В» класының мұғалімі сіз боларсыз? Мен сіздің оқушыңыз Сүлейменова Нағиманың ағасы Тасболат дейтін кісімін. Өте маңызды мәселе жайында сөйлесе келдім, — деді ол оқытушыға басын ғана иіп сәлемдесіп, көкірегін шалқақ ұстап.

Клавдия оның бұл қылығын іштей ұнатпай қалса да, оқушы жөнінде әңгімелесе келгеніне разы көңілмен қуаныш білдірді.

— Нағимаға арифметика пәнінен қойған бағаларыңыз бізге шұба келтірді. Нағима тым ақылды, ерекше таланты бар қабілетті жас. Есептен ылғыйына әлсіз баға алуы тіпті мүмкін емес, — деді Тасболат таңданғандай қасын керіп.

Оқытушы күтпеген тосын сөз еді. Ұстазы оқушыларына алалап қарар ма? Әрқайсысының өнегесіне сүйініп, мініне туған анасындай-ақ қынжылып отырмай ма? Өзінің ұзақ ұстаздық жылын Клавдия нағыз азамат тәрбиелеу ісіне арнап келе жатқан жоқ па? Өмірдің көп сабағын көрді ол. Ұлы Отан соғысы жылдарында күйеуі Сталинград түбіндегі шайқаста қаза болып еді, үлкен ұлы да сол жылы майданда қазаға ұшырады деген ауыр хабарды жаны күйзеліп естіген. Сол жылы өзі Коммунистік партия қатарына өтті. Өзіне-өзі мол қуат бітіру үшін, бұрынғы мүмкіндігінен де ірі еңбек ету үшін коммунист болғысы келіп еді. Бар өмірін қажымас ұстаздық іске арнаған. Тасболаттың әлгі сөзі сол тәрбиешінің игі еңбегін сыйламағандай сес танытты. Клавдия Максимовна осыған қынжылды. Әйтсе де бөтен шырай көрсетпеді.

— Олай болса, рұқсат етейік, сабағына қатысыңыз, бәрін де өз көзіңізбен көріңіз, — деді ол шұбашыл интеллигентке...

Тасболат сабаққа қатысып, бар жайға өзі куә болып шыққанда оған:

— Міне, көрдіңіз ғой, құрбыларының бәрі біліп алған ондық цифрларды Нағима әлі танымайды. Екіні жазса, төрт деп оқыйды. Төртті сұрасаң, онның цифрын көрсетеді. Мұның себебі неден, қалай деп ойлайсыз? — деді Клавдия Максимовна.

— Нағима үйде бәрін де білетін, класта оқушылардан және біздерден қысылған болуы мүмкін, — деп кібірттіктеді Тасболат.

— Үйде бәрін біліп тұрса, класта да жаңылмайды. Бірақ, сіздер, Нағима қаблетті деп, оны көзінше мактап, мүлде сеніп алғансыздар да, оқуына, сабаққа қалай әзірленіп жүргеніне ден қоймағансыздар, — деді Козакова.

Тасболаттың дәлелсіз шұбасы ыдырай бастады білем, ұстаз сөзін ұзақ үнсіз тыңдап тұрып:

— Нағиманы әкесі қайтыс болған соң алақанға салып өсіріп ек, бәріміз аса жақсы көруші ек... — деп бәсең сөйлеп мүдіріп қалды.

— Нағиманы мен де аса жақсы көрмесем, өзімді де сізді де әуреге сап осылай сөйлесіп тұрмас едім... — деді Клавдия Максимовна езу тартып.

Ұстаз аузынан шыққан осы бір қарпайым сөзден адамды сүйген үлкен жүректің биік қасиеті сезілгендей еді.

Алматы. 54-мектеп.

Н. Ғабдуллин,

Кышкентай

АЗАМАТ



Суреттерін салган Н. Лебедев.

Әңгіме

Саид Баязитов

Сағат кешкі алтыны соғып, қызмет уақыты аяқталған кезде милиция участогінің есігін біреу қакты.

— Кіріңіз,— деді участокте жалғыз отырған милиционер.

Есіктен он бір-он екілер шамасындағы бір баланың тұлғасы көрінді. Өзі жалаңбас. Бір уыс шашы маңдайына түсе бұйраланып тұр. Бойшаң денесіне белбеулі шолақ шалбары шап-шақ. Жеңіл тапочка киген аяғын кібіртіктей басады.

Бала кірген бойда сәлем беріп, милиционердің май жаққандай жылтырап тұрған ұзын қара мұртына, айналасы әжімді шегір көздері мен ұшы томпақтау біткен мұрнына байымдай қарап өтті. Қайыс белбеу буынған гимнастерканың ішіндегі кесек ірі тұлғаны, өңіріндегі әр түстес орден колодкаларын да көзбен шолып шықты. Тек содан кейін тіл қатып:

— Мен сізге келдім,— деді сәл жабырқау үнмен.

Милиционер айбарлы кескінімен сескендіре, орындығын сықырлата қозғалып қойды да:

— Сені кім шақырып еді? — деді.

— Шақырмай келдім.

— Шағымың бар ма?

— Жок.

— Енді қалай, шырағым-ау? — деді милиционер тандана, мұртын сылап.

— Сіздер шақыруға тиісті едіңіздер.

— Шақыруға?..

— Ия.

Милиционер қайтып сөз қатпай, стол тартпасынан сырты көк жұқа кітапшаны алды. Онысы тізімдер тіркеп, жазулар жазатын журнал болуы тиіс. Кітапшаны алдына қойып:

— Фамилияң кім? — деп сұрады.

— Мекебаев Болат.

— Мекебаев Болат?

— Ия.

Балаға «түсінікті, отыр» дегендей кескін көрсетті де, милиционер кітапшаны ақтарып қарай бастады. Өзі әлсін-әлі «Мекебаев Болат» деп күбірлеп сөйлеп қояды.

Бірақ, қанша іздесе де, кітапшадан керекті фамилия табылмады. Сонсоң, кітапшаны жауып, орнына қайта салды да:

— Сені қандай іс жөнінде шатқыруға тиіс еді? — деп сұрады баладан.

Манадан бар зейінін кітапшаға аударып, милиционердің қыймыл-әрекетін қоса бағып тұрған бала, тершіген мұрнын бір тартып, тамағына сөз кептеліп қалғандай жұтынып-жұтынып қойды да:

— Мен жас талдан қармақсап кесіп алдым,— деді.

— Жас талдан?

— Қолдан еккен емес, дария бойындағы жабайы тал.

— Содан ұстап алған ғой?

— Жок, ешкім де ұстаған жок,— деді бала шала піскен шиедей қызарған жүзін ормалымен сүртініп:



— Сонда... қалай?

— Тіпті жай, өзім келдім.

— «Өзім келдім». Қызық екен. Өзің келуің қалай? Түсіндірші,— деді милиционер жасырын сырдың ізін тапқандай тәптіштей сұрап.

Бала енді шешіліп сөйлей бастады. Оның айтуынша, жасы өзі шамалас, секпіл бет, кетік тіс бір бала бұл қармақсап кесіп алған жерде үстінен шығыпты. Ол да пионер екен, мұны қатты ұялтыпты, тіпті «милицияға хабарлаймын, одан шақыру қағаз аласың, қылмысты ісіңнің жазасын тартасың» деп қорқытыпты да. «Шақыру қағазды» бірер күн күткен бала сонында өзі келіпті.

— Е, сен сондай бала екенсің ғой.

— Сондай болғанда... егер мен білсем...

— Өзің нешіншіде оқыйсың?

— Бесінші класта.

— Бесінші класта оқып, жас тал сындыру — қылмыс екенін білмеу...

— Жабайы тал,— деп түзетті бала.

— Бәрібір. Бәрібір қылмыс!

— Сонда қармақты неге саптаймыз? — деді бала сирек қасты қабағын таңдана көтеріп, «түсінбеймін» дегендей.

— Магазинде арнаулы саптар сатылады. Қармақсап болатын қураған талдар да бар.

— Қураған тал?.. Талай байқағанбыз. Шыдамайды! — деді бала.— Сынып кетеді. Ой, сіз дариядағы балықты көрмегенсіз ғой. Көрсеніз. Қармақпен қоса адамды тартып әкетеді. Әсіресе, сазан балық, жемді бірден жұтып, қалтқыны батырып жібереді.

— Қомағай десеңші.

— Ал, ақ балық айлакер келеді. Жемді құйрығымен қағып түсіреді. Менің бір рет ақ балықты құйрығынан іліп алғаным бар! — деп бала рахаттана жымыйды.

Милиционер езу тартып күлімсіреді де:

— Әйтсе де, сен бізге келуге несіне асықтың? — деді бастапқы әңгімеге қайта оралып.

Бала шашы мен галустогін кезек түзеп қойды.

— Мұның мәнісі бар, әкем Алматыда. Қызметке кеткен. Мені қатты сағынған көрінеді, жазғы каникулді астанада өткіз деп отыр. Өзім де аз сағынған жоқпын, ертен кетемін. Астанаға қылмысты атанып баруды өзіңіз де мақұлдас едіңіз.

Сонымен әңгіменің жайы мәлім болды. Бала астанаға «қылмысты атанып» барғысы келмей, не де болса бір-ақ көріп алайын деген оймен, милицияны әдейі іздеп келген.

«Міне, мұның азаматтық!» дегендей болды милиционер іштей сүйсініп. Әйтсе де, баланың өзіне:

— Сен енді астанаға бара аламайтын боларсың,— деді салқынқандылықпен. Жай сөйлегенмен, сөздері салмақты шықты.

Баланың ойын белгісіз үрей билей бастады. Өзінің күні бойғы әңгімесі милиционерге түк әсер етпегенін сезіп, сазара ернін тістеді. «Сағынған әкеге бара алмау» — деп ойлады. Көзіне бір тамшы жас та келіп қалды. Кенет, сол тамшыдан бір ұшқын көрініп, милиционерге қарап жалт етіп еді, милиционер терезеге қарап тұр екен, бала да солай қарады.

Кешкірген күннің шашырай түскен сәулесі терезеден айқын көрінетін парктің үстіне төгіліп тұр. Парк үстін айналып ұшқан көгершіндер көрінеді. Олардың ақ канаттары қайранда ойнаған балықтай жалт-жұлт етеді.

Бір кезде көгершіндер тобымен әрі ұшып кетті де, бала парктің аржағындағы көшелердің бірінде тұратын үйін, анасы мен кішкентай інісін есіне алды. Олар мұның қайда тұрғанын білмей, кешкі асқа асыға күтіп-ақ отырған болар...

Милиционер терезенің желдеткішін ашты да, парктен естілген музыка әуеніне бойы балқығандай көңілденіп баланың жанына келді. Столда жатқан газетті қолына ала келді.

— Мынаны көр,— деді ол балаға газетті ұсынып.

Бала газетті алып, ондағы көрнекті жерге

басылған бір топ пионердің суретіне қызығып қарай бастады. Олардың бірі аузын барынша кең ашып күліп қалған. Біреуінің құлағы шамадан тыс үлкен боп түскен. Тағы да біреулері маңызданып тұрғандай.

Милиционер суреттегілердің істері жайлы асықпай баяндап өтті. Олар көшенің тазалығын, тәртібін сақтауда, ағаштарды қорғап өсіруде, жас сәбиді машина басып кету апатынан құтқаруда милиционер ағаларына көмектескен пионерлер екен.

Бала суретке, сонсоң милиционердің жайдары жүзіне көз салды да, еркінсіген үнмен:

— Сіз Буденный армиясында болған жоқсыз ба? — деді.

— Болғаным жоқ, — деп жауап берді милиционер, бұл сұраудың мәнісіне түсінбесе де.

— Мұртыңыз ұқсайды. Буденныйшылар мұртын осылай өсіреді деді.

Милиционер қарқылдап күлді.

— Ұлы Отан соғысында болғаныңыз көрініп тұр, — деді бала күлкіден сәл қысылса да, орден колодкаларын көрсете батыл сөйлеп.

— Я, болғанмын.

— Менің әкем де болған.

— Зор мақтаныш! Әйтсе де, сол әкеңе бара алмайтының өкінішті-ақ емес пе, — деді милиционер әдейі сынағандай.

Сөйтті де, баланың басынан жылылықпен сыйпап:

— Жарайды, томсармай-ақ қой, мойындап келген азаматтығың бар, кешірейін, — деді.

— Шын айтасыз ба, кешіресіз бе, аға? — деп бала қыйыла кетті.

— Бір жолға. Тек енді тал атаулыны сындырмайтын бол.

— Сындырмауға сөз беремін.

— Достарыңа да айт.

— Ұмытпай айтамын.

Бала есік жаққа қарап қойды. Шамасы әңгіме бітті деп ойлаған болуы тиіс. Алай да әңгіме әлі бітпеген еді.

— Қылмысты ісінді көрген балаға алғыс айтуды да ұмытпа, — деді милиционер.

— Алғыс? Мен оны танымаймын да.

— Танымаймын?

— Бұрын көрмеген бала.

— Ол сені таныйтын болар?

Бала, «онысын білмедім» дегендей иығын қозғап қойды.

— Ат-жөніңді сұрамап па еді?

— Сұраған жоқ.

— Ендеше ол қалай келсін, — деді милиционер езу тартып. — Ат-жөніңді білмейтін бала келуі мүмкін бе?

Әрине, мүмкін емесін бала түсінді де, ұялғанынан қызарып кетті.

... Көп ұзамай бала жөніне кетті. Бірақ, милиционер оның отты қара көздері мен шиідей қызарған жүзін, шалқыған ойы мен балдырған балалық сөздерін көпке дейін ұмыта алмады.

Ол терезе алдына келіп, көшеде жүріп жатқандардың ішінен өзі «кішкентай азамат» атаған баланы іздеді. Бірақ, анасы мен інісіне тез жетуге асыққан бала бұл кезде көлденең көшелердің біріне түсіп, көрінбей кеткен еді.

Қызылорда қаласы.

Іске аспады „жоспары“

Күнделікте баға «1»;
Көңіл селкос боп кетті.
Ойлап істі ол жаңа бір,
«1» ді «4» ке өзгертті.



Іске аспады «жоспары»,
Алдаса да анасын:
«1» алды, — деп достары
Айтты дұрыс бағасын.

Т. Молдағалиев.



Мұса Жәлил

Татар халқының көрнекті ақыны, коммунист Мұса Жәлилдің есімі қазір бүкіл совет халқына белгілі.

Мұса Отан соғысы майданында ауыр жараланып, хал үстінде жатқанда, гитлершілер қолына түсті. Фашистік жендеттер ақынды лагерьде ұстап ұрып-соқты. Коммунист ақынның жігері мұқалмады. Басқыншыларға қарсы жалынды өлеңдер жазды.

Гитлершілер оны өлім жазасына кесті. Ақырғы тынысы біткенше ақын туған еліне деген сүйіспеншілігін жырлап өтті.

Патриот ақын қаза тапса да, оның жырлары бельгиялық бір азаматтың көмегі арқылы туған елге жетті.

Журнал оқушыларын таныстыру үшін біз Мұса Жәлилдің қазақшаға аударылған бірнеше өлеңін басып отырмыз.

ҚҰРЫЛЫСШЫ

Жасырып көкті,
Жүзсе бұлт ылғый,
Бұлттарға жетті
Біз салған көп үй.
Кірпіш —

өктем

Қолымыз күші.
Біз деген неткен
Қайратты ек осы!
Салдық біз оны
Шаттықпен асқан,
Пайдасыз жатқан
Балшық пен тастан
Әуелі үй де
Секілді ед бала.
Алынған бейне
Құндаққа жаңа.
Әуелі ол үй
Тақта еді әлі.
Жоқ еді қаны,
Жоқ еді тәні.
Тез тұрар сапқа
Ол көкке жетіп,
Тұрарсыз қарап
Есіңіз кетіп.
Болса да бұл үй
Мекені кімнің,
Есте ұста ылғый
Туған бір күнін.
Өмірің өтсін
Қызықты тоймен.
Көңілің өссін
Шаттықта деймін.
Бір тілек сенен:
Сөзім жоқ бөтен.
Құрылысшы үшін
Бір бокал көтер.
Бұндай үй бізде
Туады жүздеп.
Тудырар оны
Жігер мен енбек.

Аударған І. Мәмбетов.

ТҮТҚЫН

Бүгін үкім шықты оған:
Кесілді өлім жазасы.
Жыламайды ол: талайдан
Сарқылып біткен көз жасы.
Түрме жым-жырт. Оған тек
Қарайды мұңлы ай аспаннан.
Ойлайды ол: «Жетім қалар, — деп, —
Жан-жүрегім — жас балам».

Сентябрь, 1943.

БАҒБАН

Қартайған әбден атамыз бағбан,
Жасы да оның тоқсанға толған.
Танменен бірге атамыз тұрып,
Күрегін алар, білегін түріп.
Гүл отырғызар, қазып ұрасын,
Алма ағаштардың қырқады басын.
Өседі гүлдер толықсып бапта,
Миләуше, нәркис, сүмбіл мен мак та.
Бақшаға қайтар көктемде құстар —
Қадірлі біздің қанатты достар.
Рахат қой шіркін қарсы алса Майын,
Жапырақ жарып, жап-жасыл қайың!
Сол кезде шалың жасарар өзі,
Жас талды көріп, жасаурар көзі.
Бір кезде талдар бой созар көкке —
Бақшаны жастар мадақтар көпке.
Бағбанға бір күн келсе де өлім,
Көгерер жылда бақшасы оның.
Сағынып шулар өз досын орман,
Бақытты неткен осындай бағбан!

СОҒҒЫ ЖЫР

Жер жүзі сондай кең,
Жарқын да, қызық та.
Тек түрмем қараңғы,
Есігі — құлып та.
Көкте құс ұшады
Биікке, шығанға.

Аунаймын еденде,
Қол-аяқ бұғауда.
Сыртта гүл өседі
Нәр алып жаңбырдан.
Мен мұнда семемін,
Құса боп зар-мұннан.

Ғашық ем өмірге,
Сүйеші ем күн нұрын.
Бірақ мен өлемін,
Соңғы жыр — бұл жырым...
Август, 1943 жыл.
Аударған М. Әлімбаев.

ТҮРМЕДЕ КӨРГЕН ТҮС

Түсімде сәби қызым кеп,
Шашымды сыйпап тарады.
— Әкежан, ұзақ жүрдің — деп,
Сағына маған қарады.

Қызымды қыстым кеудеме
Шаттыққа шалқый елітіп.
Сағыныш, сүйо дегенге
Түсіндім сонда мен сүйтіп.

Далаға сосын біз шықтық,
Төңірек — гүлдер теңізі.
Тәтті екен сүйо, тіршілік,
Жақсы екен еркін жер жүзі!

Ояндым. Орным сол түрме,
Баяғы бұғау қолымда.
Бас жағым — қайғы сол күйде,
Күтіп тұр екен оным да.

Өртейді неге бос қыял,
Сағынтып келмес жаздарым,
Шаттығым неге түс қана,
Бітпейді неге азабым!?

Аударған І. Мәмбетов.

Комбайншы боламын

Очерк



Жөкетай комбайнда.

«Қарашалғынның» қақ ортасына тігілген шөпшілер қосының іргесінен жас майсаның исі келіп, кеудесін кере ұйықтап жатқан Жөкетайдың денесін маужырата түсті...

— Егінге көшеміз, егін пісіпті,— деген дауыстар Жөкетайдың құлағына келуі мұң екен, ол орнынан атып тұрып, өзінің әдеті бойынша гимнастика ойнап сергіді де, далаға жүгіріп шықты.

— Бригада егіс басына көшетін болды, дайындал,— деді қос қара атты үлкен арбаға жегіп жатқан бригадир Алашабай.

Жөкетай қуанып кетті, ол бригадирдің қасына барып екінші аттың ауыздығын салып жатып:

— Нәрселерді арбамен апарамыз ба? — деп сұрады.

— Жок, машинамен барады. Мен арбамен қырман аршуға сайман апарамын.

— Онда мына көк шөптен арбаға лықыйта тиеп алайық та, оны жолда фермадағы маяға үйіп кетейік,— деді Жөкетай өзінің шаруакорлығын аңғартқандай. Баланың пысықтығына риза болған Алашабай басын изеп күлімдеді.

— Мен былтыр кішкентай болдым, онда мені комбайнға мінгізбеді. Енді міне, үлкен жұмысшымын жаздай ат тырнауышын жүргіздім. Енді комбайнға штурбалшы етіп алғызыңыз,— деді Жөкетай бригадирге, кенет, жалынышты жүзбен қарап...

— Шырағым-ау, оның тетігі менде емес қой. Иван Павловичке айтсайшы. Ол бір жақсы комбайншыға қосып берер,— деп Алашабай расын айтты да, өзі баулыған бала өкпелеп қала ма дегендей, Жөкетайдың дөңгелек жүзіне қарады.

— Әрине, мұның тетігі сізде. Сіз айтыңыз. Менің жұмысты жақсы істейтіндігімді түсіндіріңіз. Әйтпесе!..— деп бала бригадирге таяна түсті.

Мұнан кейін олар сөз қатыспастан арбаға шөп тией бастады. Жылқышының баласы Манап бұларға көмектесемін деп арбаның үстіне шөп беріп еді, айырын тартып қалғанда шөп жалп етіп өзінің басына түсті. Бала түкірініп кейін шегінді.

— Мәссаған безгелдек, шөп беруді білмейді! — деп күлді Жөкетай. Онан кейін колхоз селосына жеткенше ол колхоз председателі Иван Павлович Минаковке айтатын сөздерін іштей дайындап жаттаумен болды...

— Менің қарсылығым жоқ, комбайншы Ыбраевке барып жолық,— деді «Путь к коммунизму» колхозының председателі Иван Павлович бала сөзін асықпай тыңдағаннан кейін,— еңбекке ұмтылғаныңа біз қуанамыз.

Өзі жүретін «С — 4» комбайнының қасында тұрған ат жақты, мұртты комбайншы Баупан Жөкетайдан тоқ етерін бір-ақ сұрады:

— Сен өзің неше еңбек күн таптың?

— Шөпте 58...

Комбайншы Баупан баланы комбайнға штурбалшы етіп не алатынын, не алмайтынын айтпады, тек қана:

— Анаған шық та, дюмовой ключті әкел,— деді. Жөкетай кілтті тез алып кеп, комбайншыға салмақпен ұсынды.

— Дұрыс, біледі екенсің,— деді Баупан. Мұнан Жөкетай өзінің комбайнға қабылданғандығын ұқты. Осы кездегі баланың қуанышты жүрегі мына күрең мұртын күн шалған бидай теңізіндей толқыған еді.

... Енді өзі жүретін «С — 4» комбайнның штурбалында Жөкетай мақтаншты жұмыс істеп тұр. Аңыз басынан оралып қайтарда ол ойнап келіп жүрген Баупанның баласы Кәрімге:

— Шалғы жақтан жүрме, былай кел,— деп сыпайы ғана тұжыра дауыстап қояды. Бидайды қырқа, комбайн тағы да жүріп барады. Ыстық күнде шаңғыта ұшқан дән қауыздарынан Жөкетай жасқанбайды, қайта ол жүріс үстінде комбайнның тетіктеріне үңіліп қарап келеді.

— Әй, әй, Бауке,— деп ол бір кезде қатты дауыстады. Мұны әрең естіген комбайншы бір қарады да, рульге бұрылып кетті.

— Тоқтат, қыйрады,— деп Жөкетай онан сайын дауыстап екі қолын ебетейсіз сермеді. Ол штурвалды қатайтып қойып, комбайншыға қарай тұра жүгірді.— Тоқтатыңыз, бүлінді!

— Не дейді?! — деп Баупан комбайнды тез тоқтатып, төмен қарай басқышпен құлдырай түсіп бара жатқан кішкентай штурвалшының соңынан ұмтылды.

— Міне,— деп Жөкетай кронштейнге бекітілген сымтаяқшаның шығып кеткендігін, оның бір ұшының қырқаяқ арасына қыстырылып орнынан тайдыра бастағанын көрсетті.

— Міне жігіт, мен қателескен жоқпын,— деп Баупан селдір қара мұртын сыйпап. Ол тағы рульге отырды.

Ертеңіне колхоз председателі Иван Павлович Минаков келіп, Жөкетайдың комбайнды бүлінуден аман алып қалғандығы үшін колхозшылар атынан алғыс айтты да:

— Сен комбайншы боласың әлі,— деп баланың тымпыйған мұрнынан сүйсініп шертіп қойды.

— Мұның қырағылығын әлі өзі оқып жүрген мектеп пионерлеріне жазып мәлімдейміз,— деді колхоз партия ұйымының секретары Найзабеков.— Бірақ, сен дандайсып кетпе.

— Мен бюрократ емеспін,— деп Жөкетай жүре жөнелген комбайн басқышы-

на қолы тиюі мұң екен, жоғарыға бір-ақ шықты. Артынан қарап тұрғандардың ескертуіне ол: — мектепте осылай жатыққанбыз,— деп мақтанып қойды.

Шапшаң жүріс үстінде комбайн көпенелегішіне жыйналған сабанды Жөкетай тез түсіріп тұрады, бірақ, ол өзінше бір жаңалық ашқысы келеді. Көпенелегіштің артқы жағындағы ағаш керегелердің басын жоғары ілмекпен көтеріп, сабан көпенесін сирек түсіруді ойлады. Ол осыны Баупанға айтты.

— Біріншіден, сабан жыйнаушылардың еңбегі жеңілдейді, екіншіден...— деді ол көпенелегішті қолымен нұсқап. Баупан оған ойлы көзбен қарап тұрды да:

— Сенің ілмегіңді жүріс үстінде кім ағытып тұрады, ойладың ба осыны? — деп Жөкетайға қарады. Бала ұялғанынан қызарып басын сыйпады.

— Е, былай...

Ал, осы кезде комбайншы баланың таудай талабына ол іштей риза болып тұр еді.

Пар ат жеккен арба егіс арасындағы жолмен Приишим селосына қарай жүріп келеді. Аттар ерігіп, делбені сүзе тартады. Арба үстіндегі Омар қарт ат айдап келе жатқан Жөкетайға қарап:

— Олжалы қайттың білем? — деп сұрақты кескінмен қарап, жауап күтті.

— Жаман емес, біз Баупан ағай екеуіміз күніне 12 гектардың орнына 22 гектардан бидай орып отырдық. Мен комбайнды үйреніп алдым,— деп бір тоқталды Жөкетай.


— Қыйын шығар?

— Бәрін біліп алдым. Жүргізіп кетер едім, әттең...— деп Жөкетай ат делбесін қаға тартқанда арба зырылдай жөнелді. Село үйлері арба үстіндегілерге дірілдеп тұр. Жер бетіне көлбей шашыраған күн сәулесі мектеп қабырғасына нұр төгеді. Мектеп Жөкетайды енді оқу табысына шақырады. Ол быйыл Ақмола облысы Есіл ауданы Приишим жетіжылдық мектебінде 5-класты тағы үздік бітірмек.

— Олжалы баламын десейші,— деді Омар қарт Жөкетайдың ойлағанын біліп келе жатқандай. Ал, арба салдырынан мұны бала «комбайншы боламын десейші» деп естіді.

— Әрине, комбайншы боламын.

А. Диқанов,
Ақмола облысы.



СЫЗЫҚТЫҢ СЫРЫ

1. АЛҒАШҚЫДА ҰНАМАДЫ

Жамал әдеттегіше түстен кейін, өзімен бірге 7-«В» класында оқыйтын досы Алла Спицинаның үйіне келді.

Бұл келген кезде Алла ақ қағазға әлдебір сызықты сызғылап ой үстінде отыр еді.

— Сен неменеге ойлана қалғансың? — деп Жамал жымыйған бойы Алланың ыйығына қолын салып, қағазға үнілді.

— Болмай отырғаны, — деді Алла қабағын сәл шытыңқырап. Сонансоң кұрбысына бұрыла қарады да, жайдары кескінмен:

— Кәне, отыра қал. Екеуміз де сызып көрейік, — деді.

— Әуелі айтсайшы, — деді Жамал. — Геометрияның есебі ме?

— Жо.. сызық.

— Сызық! — деді Жамал да қайталап, жаратпағандай кескінмен. — Осы сызықта не тұр. Соған бас ауыртқанша, кел, географиядан берілген тапсырманы оқыйық. Әдейі сол үшін келдім саған.

— Не тұр дейсің бе? — деді Алла қулана қарап. — Сызықты білмесен, географиялық картаны қалай жасар едің?

— Сол ма? Ал, мен, тіпті, картограф болмай-ақ, агроном болсам ше?


— Бәрібір сызықты жақсы білу керек, — деді Алла онан әрмен таласпай, — Ольга Степановна не деп еді? Есінде ме? Ғылымның қандай бір саласы болмасын сызық жұмысына соқпай кете алмайды, демеп пе еді.

— Сонда да ұнатпаймын өзін, — деді Жамал басын шайқап.

Бір Жамал Есенкелдина ғана емес, 7-«В» класында сызу пәнін «ұнатпайтындар» көп болатын. Валерий Бурковский де, Юрий Попов та, тіпті Надя Чайка да алғашқы күндерден-ақ бұл пәнге селқос қарайтынын аңдатқан.

— Екілік алып қалмау үшін, әйтеуір бетіне қараймын, — деп Валерий өз ойын бір ретте айтып та салған.

— Сен сызықтың керегі жоқ дейсің, — деген оған Алла. — Ал, геометриялық фигура-ларды сызу сызық емес пе екен. Тіпті, мына суреттің өзі де-сызықтың бір түрі. Әуелі біздің осы жазуымыз да сызық. Мұның бәрі де — графикалық бейнелеу.



Жамал Есенкелдина мен Алла Спицина сызу сабағына әзірлік үстінде.

Суретті түсірген П. Редько.

— Жер-көктің бәрі — сызық! Қызық екен! — деді Валерий мен Жамал бұл жолы да ұнатпағанын білдіріп. Әйтсе де көп ұзамай-ақ олар өз кателіктерін түсінді де.

2. ЕНДІ ТҮСІНДІҢ БЕ?

Сызу пәні мұғалимасы Ольга Степановна Гаммова мен отряд советінің мүшелері сызу пәніне оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында саякат жасауға ұйғарды. Бұған бүкіл отряд пионерлері түгелдей әзірленді.

— Бұл саякатта, — деді Ольга Степановна оқушыларға, — сендер өз оқығандарыңды нақтылы көзбен көресіңдер.

... Ноябрь айының орта шені. Түстен кейін бір топ оқушы мектеп ауласына жыйналды. Көп ұзамай-ақ Ольга Степановна да келді.

— Кәне, дайынсыңдар ма? — деді ол.

— Дайынбыз.

Бұлар топталып жүріп келеді. Көп ұзамай-ақ село сыртына шықты. Бет алдылары кен жазық.

— Бұл өзіміздің мектеп тұрған В. И. Ленин атындағы колхоздың егіс даласы, — деді мұғалима. — Ал, енді, кәне, сызу сабағында өткен бір тақырыпты еске түсірейік. Ол «Геометриялық фигура мен геометриялық дене» деген тақырып еді ғой.

— Кәне, Зоя, сен геометриялық фигураны өлшеу әдісін айтшы?

Зоя Шабалкина сәл қысылыңқырап:

— Бұл геометрияда өтіледі ғой, — деді.

— Ия, геометрия сабағында өттіңдер,— деді мұғалима.

— Ал, сызудың геометрия пәнімен тығыз байланыстылығы да осында.— Мына жердің планын, жасап картаға түсіру, аумағын өлшеу және дәл белгілеу сызық арқылы жүргізіледі...

Осы жолы тағы да бір жай болды. Анатолий Шестаковтың әкесі Трофим үй салушы болатын. Саяқаттан қайтып келе жатқан балалар сол кісіге кездесті. Топ баланың ішінен өз ұлын көрген ол қолындағы қағазын сүргілеп жатқан тактайдың үстіне қойды да, бұларға беттеді. Балалардың сәлемін алып, слардың оқуларын, қайдан келе жатқанын сұрады. Әңгіме үстінде Анатолий:

— Папа, жанағы қағазыңыз не? — деді.

— Ол ма,— деді қарт.— Ол — сызық.

— Сызық?

Ой, тәйірі «үй салушының сызықта не жұмысы бар?» дегендей, бұл сөзді біреу емес, бірнеше бала бірден айтты. Бұл таңдану еді.

— Ия, сызық,— деді қарт.— Көне, көргілерің келсе, жүріңдер.

Айтқандай-ақ әртүрлі сызықтар екен. Бірі қорап тәрізді, бірі дөңгелек, енді бірі ирек-ирек.

— Сендерде сызу пәні өтеді ғой. Бәлкім, оқый аларсыңдар? — деді қарт көзін қысыңқырай, күлімсіреп...

Мұнан соң жол үстіндегі әңгіме, тіптен, қызды.

— Көрдің бе, Толик. Сенің папаң сызықты сенен жақсы ажырата алады,— деп Валентин Варченко Анатолийді бір қағытып өтті.

— Білмесем, үйренемін,— деді Анатолий намыстанып.

— Онан да Валерийге айтсаңдаршы,— деп дауыстады Маргарита Каплина.

— Бәсе, геометрияны жақсы оқысам болды, сызығыңның қажеті жоқ, дейді ғой ол.

— Балалар-ау, балалар! — деп олардың сөзін Галя Вракова бөліп кетті.— Менің папам тракторшы. Енді ойласам, ол әлдебір сызықтарды үңіліп қарап отырушы еді, сонысы трактордың бөлшектері екен ғой.

— Қандай да болмасын затты сызық арқылы көрсету әрі жеңіл, әрі қолайлы,— деді Ольга Степановна.— Оны заводқа барғанда анық көресіңдер. Енді түсіндің бе, Галя?

3. ЗАВОДТА

Алдымен бұлар модель цехына келді. Өр жұмысшының алдындағы үлкен қағаздардың

бетінде әртүрлі сызықтар. Кей жерінде сан белгілері болмаса, артық тұрған жазу да жоқ. Әйтсе де жұмысшылар жасап жатқан әртүрлі аспап модельдері көрсетілген осы сызықтардың бойында көп нәрсе айтылған.

— Біздің завод,— деді модельші Төлебаев Сейсебай,— әртүрлі машиналарға керекті жабдықтарды әзірлейді. Мына біз жасап жатқан ағаш модельдер күйо цехына барады. Онан соң күйо цехында осы бойынша жабдықтардың қалпы жасалады. Сөйтіп әртүрлі процестерден өтіп барып, механикалық цехтан жабдықтар әзірленіп шығады.

— Басқа бір жерде әзірленетін машинаға керекті бөлшекті ол машинаның өзін көрмей қалайша дәлме-дәл етіп шығара аласыздар? — деді Зоя Карамендина таңдана.

— Ол үшін қолымызда, міне сызық бар,— деді Сейсебай.— Сызық — бейнелеп жазудың ерекше түрі. Осы сызықта аспаптың түрі және қалай жасалу керектігіне дейін өте дәлдікпен көрсетілген.

— Қызық екен,— деді Валерий басын шайқап.— Сонда осыны кәдімгідей оқыйсыздар ма?

— Әрине. Бұл әрі жеңіл, әрі тез оқылады. Айталық, мына бір дөңгелектің қандай екенін түгелдей суреттеп шығу үшін көп уақыт кетеді. Рас қой. Суретке түсірсек те, дөңгелектің сыртқы көрінісі болмаса, ішкі құрылысын көз алдымызға келтіре алмаймыз. Ал, бір парак қағаздағы сызық оның құрылысын ғана емес, көлемін де анық айтып береді. Қысқаша айтқанда сызық — техниканың тілі. Оны



Модельші Сейсебай Төлебаев балаларға әртүрлі сызықтарды көрсетті.

Суретті түсірген П. Редько.

оқый білу керек. Оқу деген сөз — осы сызықта қандай бөлшек көрсетілген, оның масштабы, қандай материалдан жасалуға тиіс, формасы, әрбір винттерінің үлкендігі, бұранданың сайының тереңдігі — бәрін де білу керек деген сөз. Сызықта әрбір аспаптың бөлшегі 0,1 микрондық дәлдікпен өлшенеді. Бұл — он метрден бір миллиметр қаншама есе кішкентай болса, бір микрон миллиметрден соншама кіші дәлдік деген сөз.

— О, о! Оны көру қыйын ғой.

— Ия, жай көзбен көру қыйын. Ал, сызуда өте нақтылық керек. Енді оны...

Ия, оны балалар механикалық цехтан көрді. Әртүрлі станоктар дамылсыз зырлайды. Кең залдың ішінде жұмыс қызу. Машиналардың гүрілі еңбек оркестрі тәрізді.

Токарь Лидия Петровнаң қасында балалар станок қыймылынан көз алмай ұзақ қарап тұрысты. Әлінде ғана сырты таттанған ұзын шойын темірді әкеліп станоктың екі жағына кигізген еді, енді оның сырты жалтырап жонылып шықты. Енді бірде екі ұшы сайланып бұрғы тәрізді болып қалды. Рас сайлары тайыз, бірақ біркелкі. Станок дәл жонады, қыймылынан таймайды. Токарьдың қыймылы да тез.

— Осыншама қалай дәл жонады? — деді Люба Зайцева қасында тұрған балаларға. — Қай станокке барсаң да, бәрі де осындай.

— Әрине, сондай болады, — деді мастер Этлит оның сөзін естіп қалып. — Станоктардың жонғышының бәрі де бірдей.

— Жаңа айтты ғой, — деді Галя жақтырмағандай. — Міне, енді көріп тұрмыз.

— Айтты ғой, әйтсе де...

Балаларды таңдандырған тағы бір жай болды. Ол заводтың атақты озат бригадирі Хабаровпен әңгіме үстінде туды.

— Қандай да завод болмасын, — деді ол. — Онда шығарылатын аспап ең әуелі қағаз бетінде сызық арқылы жасалады. Конструктордың ойы қағазға түседі. Сонан заводқа келеді. Әр сызықта дәлме-дәлдік ескерілуге шарт. Әлгінде өздерің 0,1 микронға дейін дәлдік болады дегенді естідіндер. Мәселен, қаламның ұшын шығаратын ұстараның жұқа жүзін алайық. Осының жүзі біркелкі түзу дейсіндер ме?

— Әрине.

— Жо.. олай ойлау мүлде дұрыс емес. Микроскоппен карасаң, мұның жүзі ирек-ирек екенін көреміз. Сондықтан да сызық өте ұқыптылық пен дәлдікті қалайды. Сызықтағы нүкте жай нүкте емес. Ол зат-

тың бір тетігі. Сендер осыны қатты ескеріңдер.

... Алматыдағы ауыр машина зауытынан 7-«В» класындағылар сызық жайлы осындай тағы да көп жаңалық біліп қайтты.

4. ЕРЕКШЕ КЕШ

Бұл кеште не қызықты бір өлең оқылған жоқ, не бір әңгіме айтылған жоқ, ән шырқалған жоқ. Бұл кеште әріп те, сан да сөйленген жоқ. Бұл кеште кезекті сызықтар алды. Бір қағазда Жамал, Алла және Валерий көрген теректің суреті салынған. Оның бетінде циркуль жорғалап барады. Ілезде-ақ циркуль ағашты үшеуіне тең бөліп берді.

Енді бір қағазда кәдімгі сіріңкенің қорабының суреті салынған. Ал, екінші бір қағазда оның формасы сызылған. Байқасақ, сурет сіріңке қорабын дәл көрсетпейді екен. Ал, сызықта ше?

Енді бір тақта да геометриялық белгілер. Бұрыш, үшбұрыш, төртбұрыш, доға деп жазып, не айтып жатқанша сол белгілерді қоя салсаң, әрі түсінікті, әрі жеңіл. Ал, жол белгілері ше? Мына арада бұрыш, мына арада жүрісті баяулат тағы басқаларды айтып жатқанша сызық арқылы бейнелей салсаң, тіптен оңай екен. Бәрін де өзіміз көріп жүрміз, бірақ мән бермейді екенбіз. Бәрі де сызықтың ерекшелігін көрсетеді екен.

Сызықтың қолайлылығы неде?

Бір машинаның құрылысын, әрбір тетігін толық суреттеп айтып шығу үшін көп-көп еңбек керек болар еді. Ал, сызықта оңай-ақ көрсете саласың.

Сол машинаның құрылысына толық өндірістік мінездеме беру өте қыйын. Мәселен кішкентай бір бинттің ұзындығы, диаметрі, қалпағының көлденеңі тағы басқаларды сөзбен түсіндірсең, кіші-кірім кітап жазып шығар едің. Ал, сызықта санмен көрсете саласың.

Бұл кеште сызықтың даму тарихы да сол сызық арқылы көрсетілген. Ұлы оқымысты Ломоносов лекция оқыған Россиядағы алғашқы химиялық лаборатория үйінің проектісін сызыққа қарап отырып көз алдыға келтіресің.

— Ия, сызу әрі қызықты, әрі керекті пән екен! — деген Валерий Бурковскийдің сөзіне бәріміз де қосыламыз.

С. Саятов;

75-орта мектеп, Алматы селендік ауданы. Алматы облысы.



М. Зверев

Көк аспанда қалықтап жүзген самолеттің былқылдақ орындығында тербеліп келе жатқан жолаушылар бір кезде үңіле терезеден төмен қарасты. Оларды өздеріне еріксіз қаратқан Шудың жыланша ирелендеп аққан күміс суы мен өзенді қапталдай жарысқан темір жол еді. Оңтүстіктен солтүстікке созылған бұл жолмен қарақошқыл түтінін будақтата поездар жүйткіді. Терезеден қараушылардың көзіне ілеспей бірінен соң бірі кара нүктелер де қалып барады.

— Бұл не нүктелер екен? — деп сұрады жолаушының бірі жанындағы кісіден.

Оған Мойынты-Шу темір жолын салысқан жас инженер:

— Бұл — құдықтар ғой, — деп жауап қайырды. — Бетпақдаладағы жолдар мен сұрлеулер бойында жылдан-жылға мұндай құдықтар көп қазылып келеді. Ол құдықтардың шыңыраудағы суын желқанатпен айналатын механизм сыртқа шығарады. Енді құдықтың суын баяғыдай тереңнен қауғамен тарту қалған. Қазірде желқанаттың тиегін ағытсаңыз болғаны, су ұзын астауларды кемерлей жөнеледі. Қазіргі астаулардың өзі баяғыдай емес, ұзындығы 50 метрге жетеді. Мұндай астаулармен бір кора қойды талассыз-тартыссыз ілезде суаруға болады. Бұдан былай Бетпақдаланың қай жеріне болсада, малды отарлап бағудың ешбір қый-

ындығы болмайды, себебі шөпті де, суды да жайылымның өзінен табуға болады.

Жолаушылар әңгімесін аяқтамай-ақ самолет қонуға құлдыйлай бастады. Міне, ол жерде жолаушы самолеттер жанармай құйып алады. Самолет жатаған жалғыз үйдің жанына келіп тоқтады.

Әлгі инженер мен жолаушылар самолеттен түскен бетінде құдыққа қарай жөнелді. Оның себебі, маңайында ештеңе жоқ жапан түздегі бұл жалғыз құдық қызғылт мрамормен шегенделген. Оның әсем көмкерілген аузындағы қызғылт мрамор күнге шағылысып жолаушыларды алыстан-ақ өзіне тартқан.

— Құдықты мрамормен шегендеп тастағаны несі екен?

— Мал шаруашылығын өркендету үшін құдық керек екені рас, ал, оны сонша қымбат материал — мрамормен шегендеудің не қажеті болған! — деп таңданды жолаушылар.

Мұның мәні былай: осы құдықтың айналасындағы быдырқай төбешіктердің бәрінде осындай тамаша мраморлар бос жатыр.

Кейбір жерлерде ол нағыз қалыппен құйғандай ылғый квадрат қалпында кездеседі. Міне, осы дайын жатқан мраморды алып, бұл жердің тұрғындары осы құдықты шегендепті. Міне, әрі берік, әрі әдемі материал!

Самолет тағы да көтеріліп, шағыл құм-

ның үстінде, баяу ұшып келді. Осы құм айдынында ойламаған жерден мая көрінді.

— Тақыр далада тұрған бұл неткен мая? — деп дауыстайды жолаушылар. — Жоқ мая емес, үйюлі тұрған басқа бірдеңе болар.

Оған таңданатын ештеңе жоқ, — дейді әлгі инженер, — бұл жердегілер пішенді сіздер жақтағыдай жазда емес, көктемде, құмға шыққан гүлді шөптер қурамай шабады. Егер пішен ол уақытта шабылмаса, жазға шейін шөптің бәрі қурап ұшып кетеді. Міне, сол көктемде шабылған шөп — осы тұрған мая. Енді ол қар түскенше осы тақыр далада тұра береді.

Осыдан былай қарай аз-аздаған үйлер, әлгі сыяқты құдықтар жиі кездесе бастады.

— Бұлар мал шаруашылығымен шұғылданатын колхоздардың қысқы фермалары, — деп түсіндірді инженер.

Осындай бір ферманың жанына келіп самолет қонды. Өйткені, бұл жолаушылардың ішінде тап осы фермаға қызметке келе жатқан адам бар еді.

Самолетті бақшашылар мен бағбандар қарсы алды. Жазда фермада тек осылар ғана қалады екен. Тақыр даладағы кішкене үйлердің жанындағы құлпырған көк бақшаның ішінен торсыйып жатқан көкала арбыздар мен сары қауындар көрінеді. Бақша қазылған терең ордың ішіне егіліпті. Желілеп тараған өсімдіктердің жасыл жапырақтары тура ыстық құмның бетінде жатыр. Бірақ, бұл өсімдіктердің жапырағы құм бетінде жатқанымен, желінің тамыры ордың ішіндегі тереңге бойлаған тамырдан өзіне жеткілікті қорек алады екен. Осы станцияның тәжірибешілері Бетпақдалада бақшаны орға егуді бірінші болып бастаған. Сол тәжірибешілердің бастамасы бойынша жер-жерде бақшаны орға егіп өсіру қолданылған. Осы жаңа тәжірибе арқасында Бетпақдаладағылар жаңа піскен оwoщты өз бақшаларынан алатын болды.

Агротехниктер тура тақырды жарып шығып келе жатқан жүзім көшеттерін көрсетті. Оларды ешкім суармайды, еш жақтан су келетін жыра да, арық та жоқ.

Аңызак сокқан тақыр далада жүзімнің өсуі қызық екен!

— Жоқ, оның таңырқайтын түгі жоқ. Бұл — біздің бүгінгі күніміздің шындығы. Табиғат бұл күндері совет адамдарына бас иген. Қазақ ССР-ы Ғылым Академиясының

ғылыми қызметкері Благовещенский Бетпақдалада жүзім өсірудің жаңа тәсілін тапты. Бұл тәсіл бойынша жүзімнің тамыры құдықша қазылған тереңге көміледі. Ондай шұқырдың тереңдігі кей кездерде үш метрге дейін барады. Ондай тереңдікте біріншіден ылғал жеткілікті болса, екіншіден жер қатпайды. Осы шұқырға тамырды отырғызғаннан кейін, оған қыш түтік орнатады да, айналасын қайта көміп тастайды. Міне, жүзімнің тамыры енді сол түтікті бойлап жердің сыртына шығады да, сабақтарын жайып жүзім береді. Қысқа қарай жүзімнің сабақтары топырақпен көміледі, тамыры сол күйінде тереңдікте қала береді.

Осы тәжірибе станциясының ғалымдары тіпті Бетпақдалада бидай өсірудің де жолын тапқан. Соның арқасында Бетпақдалада, тақыр ортасында, толқып тұрған көк егін де кездеседі. Оның себебі бидайдың тез пісетін тұқымын Бетпақдаланың қар жақсы тоқтатылған жеріне ексе, ол жазғы тамыздың ыстығына дейін өсіп үлгіреді.

Жалғыз теректің түбінде саялап демалып отырған жолаушылар тағы сөз бастады. Олардың бірі:

— Инженер жолдас, айтыңызшы, келешекте осы құлазыған далада нелер болмақ? — деп сұрады.

— Бетпақдалаға жылдан-жылға шабуыл жасау күшейтіліп келеді, — деп бастады сөзін инженер. — Шағыл құмдарды айғыздап автомашиналар тұс-тұсқа кетіп жатыр. Аспанда дүрілдеген самолеттің үні барған сайын жиілеп, жапанда мекендеген аңдардың апшысын қуырады. Даланың әр шеттерінде жылдан-жылға мал фермалары көбейіп келеді. Тақыр далаларда бау-бақшалар, толқыған егіндер дамып бермек. Бұған ақ мақта айдынына айналған Макта-арал совхозы айғақ. Ол да, бір кезде меніреу жатқан, тақыр далаға орнаған совхоз еді.

Шаруашылықты бірлесіп социалистік жолмен өркендету адамды қытымыр табиғатқа тәуелді болудан құтқарды. Бір кезде құмы борап құлазыған дала енді өмірі қуанышты өлкеге айналды. Енді біз бүкіл Бетпақдаланы игеруге бел будық.

Аңнан басқа тірі жан аяқ баспаған тақыр дала осылайша гүлдене бермек. Бетпақдаланың бұрыш-бұрышында бұл күндері жеңіс белгісі — қызыл тулар желбірейді. Бұл — табиғатты да өзіне бағындырған совет туы. Оның нұры Бетпақдалаға да жауды.

ЕКІ ӨЛЕҢ

ҚОСЫЛҒАН ҚОНЫС

Таныс қырдан асып ем,
Алдымда тұр қалашық,
Қыстақ қайда, расымен,
Кеткенім бе адасып?
Таныс еді Қарасу,
Маған бала жасымнан,
Екі қыстақ арасын
Бөліп суы тасыған.
Аржағында деревня,
Қыстау бері болатын,
«Қарақыстақ» — дер онда
Ол ауылдың кәрі атын.
Кезіп бала шағымда
Қарасудың аржағын,
Сол деревня жағына
Ойнап талай барғамын.
Ұнатқанмын — тәшесін,
Әрі түзу, әрі кең.
Жүгіргенде гулесіп,
Село ұландарымен.
Көруші едім қалып таң
Аппақ, шағын үйлерін,
Көңілді күй ағытқан
Гармонь даусын сүйгемін...
Біздің қыстақ бұлдырап,
Көрінетін бұл белден,
Лашықтары бытырап,
Қоқырсыған көңдермен.
Ол ауыл жоқ орнында
Тұр жаңа бір қалашық,
Бөлеп жасыл торғынға,
Орман өскен жарасып.
Әкеткендей дауыл бір
Мыжырайған лашықты,

Ескі жұртын ауылдың
Аппақ үйлер басыпты.
Өзен болып лепірген
Өзегі тар Қарасу,
Қосылыпты көпірмен
Екі қоныс арасы.
Көріп тағы болдым таң,
Қарасудың қаласын,
Сөйлей шықты алдымнан
Менің үлкен нағашым.
— Қайда жүрсін, қарағым,
Жерін мынау көз көрген.
Сәулетіндей қаланың —
Қыстағың бұл өзгерген.
Екі қыстақ жаңғырып,
Іргелері қосылған.
Достығымыз — мәңгілік,
Шаттықпенен тасыған!
Аралап бір байқа өзің
Көшелерін селоның,
Қандай ғажап колхозым,
Көрші қырын сен оның!
Қандай қызық даласы
Алтын дөңге шымқалған
Халқы қандай, қарашы:
Достық әні шырқалған!
Шығандамай өзіңнің
Қонысында қалған оң.
Колхозыма қазір бір
Керек еді аграном...
Қарттың ұйып сөзіне,
Түсіндім мен сырын да,
Көшелерін кездім де,
Кеттім тура қырына.

ЖЕР

Қалың қара толқындай,
Қалқыйды бұлт қасымда.
Үн қосады жел тынбай
Көктегі ұлан-асырға.
Мен де келем әндетіп,
Бірақ дүлей көкті емес, —
Қыялымды өрлетіп,
Қыядан жер қакты елес.
Пропеллер зіркілдеп,
Жарды көктің дауылын.
Көк даусынан күштірек,
Естідім жер дабылын.

Ұшқыштың да көзіне
Жұлдыздай жер көрінді.
Сүйем отты сезіммен,
Жердегі ұлы өмірді.
Көкке шығып айғайлап,
Көтерем жер атағын!
Жер үстінде тұр жайнап,
Советтік менің Отаным!
Мейлің аспан түбіне,
Темір топшы тарт, самға —
Туған жерді таниймын,
Юпитерде тұрсам да.

ҚЫС

Сарғайды жазғы жасыл бақ,
Желге ұшты алтын жапырақ.
«Ұзай түссе екен азырақ» —
Көксеп тұрды жазды бақ...
Таңертең шығып далаға,
Көзімді салдым қораға:
Тігіліпті ақ шатыр
Қар жамылып бақша тұр —
Түнде төгіп ақ күміс,
Сатып алды бақты қыс.

М. Жаманбалинов,
Новосибирь облысы.

Ата-аналар жыйналысында

Әркім қалай сабаққа —
Айтты бәрін мұғалім.
Кілең «бестік» Жанатта,
Сонысына қуандым.

Бірақ «төрттік» — тәртібі.
(Менмендік бойын «ұлапты»).
Жанат мені сол күні,
Жұрт алдында ұялтты.

Н. Әлімқұлов.

Бөбек қуанышы

Киініп таза, тағынып
Галстук қызыл, лента, гүл.
Бөбектер күткен сағынып.
Келді бірінші сентябрь.
Ойыншық қоян сүйкімді,
Қуыршақ қалып, құс қалып.
Бөбекті күтіп бұл күні,
Қалам тұрды ұшталып.
Ұланның ойы шарқұрды,
Аралап мектеп, жас талды...
Сылдырап қоңырау шақырды —
Алғашқы сабақ басталды.
Ашылды алдан кең есік,
Қласқа кірді қуана.
Ұстазбен шәкірт кездесіп
Қағазға түсті «І» мен «А».

Қанания Дәрібаев,
Қызылорда.

Ұлы тіл

Оралымды әр сөзің,
Жүрекке қандай қонымды!
Сені оқысам шат сезім
Билейді еркін бойымды.
Сүйем сені, ерінбей
Үйренемін, оқыймын.
Әр сөзіңді Лениндей
Көңіліме тоқыймын.

Ахмет Сарбөпин.

Екі әңгіме

МОЛДА МЕН ЖІГІТ

Баяғыда бір қушікеш молда бір момын жігітпен дос болыпты. Молдекең жігіттен айланып асырмақ болып, іштей өзіне тиімді есебін сайлап жүрсе керек. Қайда барса да жігітті ертіп жүретін болыпты. Сонда жігітке молда ақыл айтатын көрінеді.

— Шырағым, сен, барған жерімізде әдеп сақта, өзінді төмен ұста, тамақты шамалап же, аштан келгендей сұғынып кетпе, тамақтың тәуірін мына қартайған мен жейін, менің жегенім — сенің жегенің, киімнің жақсысын мен киейін, менің кигенім — сенің кигенің, қонған үйіміздің төрінде мен отырайын, менің отырғаным — сенің отырғаның.

Жігіт молданың қойған шарттарын бұлжытпай орындап, қайда жүрсе де, қайда барса да, өзіне үйреткенін екі етпей, құлдық ұрыпты.

Молда барған үйдің қонақасысының бар шыймандасын өзінің алдына тартып, сұғынып жей бастаса:

— Алыңыз, молдеке, алыңыз, маған сізден қалғаны да жетеді, сіздің жегеніңіз — менің жегенім, — дейді жігіт.

Молда жігіттің тапқан-таянған ақшасына бір жақсы киім сатып алып кісе:

— Киіңіз, молдеке, киіңіз, сіздің кигеніңіз — менің кигенім, — дейді жігіт.

Молда бір бай үйдің төріне өзі барып отырып, жігітті босағаға мөлітіп қойса:

— Отырыңыз, молдеке, отырыңыз, сіздің

отырғаныңыз — менің отырғаным, — дейді жігіт.

Қысқасы бар жақсылықты молданың өзі көріп жіліктің майлы басын өзінің аузына тартатын болған. Ақылсыз жігітті алдадым, деп, молда шелиіп жүріпті.

Шілденің мый қайнатқан ыстық күндерінің бірінде молда мен жігіт өзенге шомылуға барыпты. Киімдерін жардың қабағына шешіп тастап, екеуі суға түсіпті. Сонда жігіт тұрып:

— Молдеке, сіз, әрегірек барып, өзеннің суы тұнық жеріне шомылыңыз, сіздің шомылғаныңыз — менің шомылғаным, маған осы шет жағындағы лай су да жетеді, — депті.

— Өркенің өсін, қарағым, суы тұнық жеріне мен шомылайын, — деп молда суды шолпылдатып ілгері жүзе жөнеліпті. Молда жөнді малтый алмайтын болса керек, судың тереңдеу жеріне барып тұншыға бастапты. Суға бір батып, бір шығып жүріп, жандәрмен жігітке айғай салыпты.

— Ойбай, өліп бара жатырмын, құтқар, құтқар!..

Сонда жігіт жардың қабағына секіріп шығып, бар дауысымен айғайлап, молдаға былай депті:

— Батыңыз, молдеке, батыңыз, сіздің батқаныңыз — менің батқаным!

Молда зым-зыя суға батып кетіпті.

— «Зорлық түбі қорлық» деген осы, — депті жігіт...

АҢЫМАҚ АРЫСТАН

Мысал

Арыстан мен түлкі жолдас болыпты. Бір күні арыстан аспандағы айды қолға түсіріп алу жөнінде түлкімен оңаша кеңесіпті. Сонда түлкі арыстанға ақыл айтыпты.

Ормандағы барша аңдарды жыйнаңыз, солармен кеңесейік.

— Көппен санасар жайым жоқ, олардың біреуі іреп, біреуі сойып басымызды қатырар, — деді арыстан.

— Жоқ, жыйнайық, түбінде жазатайым

бір пәлеге ұшырай қалсақ, қырсығы тиер, — дейді түлкі.

Арыстан түлкінің бұл пікіріне көніп, ормандағы аң атаулыны жыйнап алды.

— Осы аймақта менен асқан батыр, менен өткен күшті ешкім жоқ, сөйте тұра, аспандағы айды қалай қолға түсіріп алудың амалын таппай, қатты дағдарулымын, сендерден ақыл сұрауға шақырып едім, — деді арыстан.



Андардың әр қайсысы өзінше айды қалай алудың әдіс-амалын айтты.

— Біз күн сайын топ-тобымызбен ұлай берсек, айдың өзі қорқып жерге түспес пе екен? — деді қасқыр.

— Жок, оның болмайды, қасқырым, сен мұны әншейін менен қорыққаныңнан айтып тұрсың, — деді арыстан күндей күркіреп.

Құйрығымен өз денесін сабалап, шыйқылдап, көзін ойнақшытып, маймыл былай деді:

— Мен күн сайын ағаштың ұшар басына шығып алып, неше түрлі ойындарымды көрсетсем, айдың өзі елігіп жерге түседі.

— Сен де менен қорыққаныңнан босқа шатып тұрсың, сенің берекесіз ойыңа ай пыскырып та қарамайды, — деді арыстан зіркілдеп.

Кердендей басып ортаға аю шықты.

— Айды қолға түсірудің амалын мен таптым, — деді аю денесін әрең қозғап. — Осындағы андардың бәрін менің үстіме тау ғып үйіндер, бәріміздің үстімізге, арыстан тақсыр, өзіңіз шығыңыз сонда айға қолыңыз жетеді.

Аюдың соны айтуы-ақ мұң екен, андар қорқып, жан-жаққа зыта жөнеліп еді, арыстан бар дауысымен қатты ақырып, барлығын қайта жыйнап алды да:

— Аю сен де босқа былшылдап тұрсың! Айтқаныңның бәрі өтірік, мені құлатып өлтірейін дейсің ғой, — деді.

— Қойдым ендеше, сізбенен жанжалдасар жайым жоқ, — деді аю кейін ығысып.

— Менің тапқан бір ғана амалым бар, — деді киік қос құлағын едірейтіп, секеңдеп. — Айға мен атылып көрейін, өрем жетсе, түсірермін!

Жылмандап түлкі сөзге килікті:

— Сен босқа сандалып тұрсың, шияяқ киігім, айға сенің өрең жетпейді, бекерге әуре болмай-ақ қой. Арыстан-екеннің өзінен өрелі, одан батыр ешкім де жоқ мұнда. Одан да өзі атылғаны артық емес пе?

— Төрелігіңе құлдық, түлкі аға, — деді қарсақ оның сөзін құптап, алды-артын орағытып, — айға арыстан-екеннің өзі секіріп көрсін. Алдажалда құлап бара жатса, бәріміз жерге түсірмей қағып алармыз.

— Секірсін, секірсін, — деп басқа андар шулап қоя берді.

— Ал, солай-ақ болсын, — деді арыстан мақтанып.

Арыстан бұл жұмыстың даярлығын түлкіге арнап тапсырып, өзі демалуға кетті. Ертеңіне түлкі мықты андарды жыйнап, терендігі қырық құлаш шыңырау құдық қаздырды. Құдықтың бетін жас шыбықпен айқыш-ұйқыш жаптырды. Зау-сайтан құлай қалса жұмсақ болсын деп түлкі андарға қазоты, шыралжын сықылды майда өсімдіктерді жыйнатты. Құдықтың бетіне жұмсақ өсімдіктерді төсетті.

— Бұл шыңырауды неге, не үшін қаздырдың? — деп андар жабыла сұрап еді, түлкі:

— Арыстан-екем, айды аяғымен тарпып түсіреді, ай жерге түсісімен ұстатпай қашып кетуі кәдік, ал, мына шыңырауға түсірсек, тырп ете алмайды, — деді.

Ертеңіне арыстан аң атаулыны түгел жыйнап алды.

— Тілектес болып, қарап тұрындар, айға қазір секіремін, — деді. Ол түлкіге бұрылды. Қай жерден секірейін? — деп сұрады арыстан түлкіден.

— Мына жерден секіріңіз, — деді түлкі шыңыраудың қабағын нұсқап.

Арыстан арқасын күжірейтіп, тісін шықырлатып, ішін тартып екі дүркін айбаттана өкірді де, шыйыршық атып айға октай атылды. Сол-ақ екен, өзінің бар салмағымен шыңырауға күмп беріп түсіп кетті.

Түлкі сақ-сақ күлді. Енді еркіндік алатын болдық деп барлық андар қуанып орман ішіне тарады.

«Айға шауып мерт болған ақымақ арыстан» деген мысал содан қалған екен.

БАҚЫТТЫ ФАТИМЕ

Хамди Салаку.



Солтүстік Албания тауларының ішінде, Кукес қаласына таяу бір селода Фатиме дейтін пионерка тұрады. Ол жаңа ашылған селолық мектепте өте жақсы оқыйды. Халықтық Албанияда мұндай жаңа салынған мектептер тіпті көп, онда оқыйтын балалардың саны қазір соғыстан бұрынғыдан төрт есе артық...

Өткен жазда Фатиме пионер лагеріне барды. Бұл лагерь селодан алыс, үлкен қалада болатын. Оған автомобильмен бару керек. Ал, Фатиме ешуақытта да автомобильге мініп көрген емес.

Кукеске әр селодан келген көп бала жыйналды. Олармен бірге қуанышы қойнына сыймай Фатиме де машинаға отырды. Балалар Шкодер қаласына жеткенде қараңғы түсе бастаған еді. Қалада жанған электр оттары үлкен көлдің бетіне сәулесін мол түсіріп тұр. Тау ішіндегі алыс селода өскен қыз мұндай көп от пен үлкен көлді ешуақытта да көрген емес-ті.

Міне, олар Шкодер көлінің жағасындағы Широка лагеріне де келіп жетті. Лагерьдегі алғашқы күндер Фатимені қандай қуантты десеңізші! Алайда бұдан да қуанышты күндер алда болатын. Фатиме және оның бір топ жолдастары экскурсияға шықты. Экскурсанттар соғыс кезінде Энвер Ходжа бастаған халық-азаттық армиясының бөлімі жүріп өткен жерлерді көрді.

Пионерлер машинада болатын. Олар Мат өзенінің үстіне салынған көпірден өте бергенде, бір нәрсенің гүрсілдеп жарылған дыбысын естіді. Экскурсияны басқарушылар оларға жұмысшылардың тауды бұзып бірінші бесжылдықтың аса көрнекті құрылысын — Энвер Ходжа атындағы су электр станциясын салатын орын дайындап жатқанын айтты.

Бірнеше сағаттан кейін машина Дуррес дейтін үлкен порттың жанындағы кішкене тоғай ішіне тоқтады. Портта әртүрлі елдерден келген кемелер тұр екен. Фатиме совет пароходтарын танып кетті: оларға орақ пен балғаның суреті салынған қызыл жалаулар ілініпті. Бұл пароходтар албан фабрикаларына керек машиналар, жер жыртатын тракторлар әкелген. Дурресқа таяу теңіз жағалауын биік теректердің ішіндегі бір кезде италия фашистері мен олардың жалдамалары иемденген қала сыртындағы онаша үйлерге қазір Албаниядағы ең үлкен пионер лагерлерінің бірі орналасқан. Бұл жерден экскурсанттарға тағы да отыз пионер қосылды.

Экскурсанттар бұдан әрі поезға мінді. Бұл — Фатименің поезды бірінші көруі еді. Тіпті ескі Албанияда темір жол да болмады ғой! Балалар Шкумби өзенінен басталатын Пекин-Қабая үлкен каналының жиегімен өтті. Бұл канал 7000 гектар құнарлы жерді суландырады.

Пионерлер Албанияның оңтүстігіндегі ең үлкен қала, Энвер Ходжа жолдастың туған жері — Гьинокастерде де болды. Олар албан халқының көсемі өзінің балалық шағын өткізген үйді аралады. Премет қаласына қарай жүретін жолда Фатиме партизандар мен фашист әскерлерінің арасында болған күшті айкастың орнын көрді. Әр жерде әлі де қалып қойған машина сынықтары, танктер мен жау дзоттары байқалады. Соғыс бая-

рыда-ақ бітсе де, балалар бейбіт елдің үстіне анда-санда жау самолеті ұшып келіп жүргенін біледі. Грек-Югославия диверсанттары албан елі шекарасын бұзуда. Бірақ олар бейбітшілік сүйгіш албан халқын қорқыта алмайды. Албанияда «Біз Совет Одағымен біргеміз!» деген сөз тегін айтылмайды ғой.

Маликте пионерлер ССРО-ның көмегімен салынған қант комбинатын аралады. Ертеде батпакты үлкен көлдің орны болған жазықта қазір қант қызылшасы өсіп тұр. Оны да совет машиналары жыйнайды.

Мынау Албан халық республикасының астанасы! Бұл қаланы көруді Фатиме қалай аңсаған еді десеңізші! Энвер Ходжа жолдас жұмыс істейді! Бұл қалада ол елді социализм жолына бастап отыр. Міне, Фатиме Тиранада. Пионерлер биік үйлерді, жаңа көшелерді, әдемі бақтарды зор қуанышпен аралады.

Қалаға таяу жерде Сталин атындағы үлкен тоқыма комбинаты мен Дайти тауының етегінде Ленин атындағы су электр станциясы бар екен. Бұл станция қаланы электр қуатымен, сумен қамтамасыз етіп тұрады.

Экскурсанттардың бір тобы әдемі үй тұр-

ған бір дөңге көтерілді. Ол үй «Бригада сарайы» болып шықты. Онда пионерлер Энвер Ходжамен кездесті. Албан халқының көсемімен бірге балалар сарай маңындағы әдемі бақты аралады. Фатиме ылғый Энвер Ходжа жолдасқа таяу жүруге тырысты. Ол жас қыздан селодағы шаруалардың қалай тұратыны, балалардың қалай оқыйтыны жайында сұрады. Содан кейін арманына жетіп, Совет Одағына бару үшін көп оқу, жақсы оқу керектігін айтты. Совет Одағына барып оқып, дәрігер болу керек. Совет Одағында қазір оқып жүрген албандар көп, олар да бір кезде пионер болған. Олар енді Отанына инженер, дәрігер, агроном болып қайтады деді.

Келесі күні таңертең Фатиме Тирананың ортасында тұрған ұлы Сталиннің скульптурасына гүл әкеп қойды. Ол өзі жақсы білетін, өте жақсы көретін шинельді адамнан ұзақ уақыт көз айырмай қарап тұрды.

Кешке жақын балалар үйді-үйіне тарады.

Міне, бостандық сүйгіш Албанияның балалары осылай тұрады. Ал, олардың болашағы бұдан да қуанышты, бұдан да бақытты болмақ.

АЛМАТЫ

Алматым аяладың бала жастан,
Өзіңмен ой-арманым араласқан.
Кербез тау, кен көшенді кезген сайын,
Боламын оқығандай жаңа дастан.

Алматым сұлулық бар зор жанында,
Құмартам бақшадайын орманына,
Топ жастар аясында алма бақтың.
Лениннің үңіледі томдарына.

Жырламай сені астана тұрамын ба?
Толқыған ән келеді құлағыма.
Шаттықтың күйін шертіп жатқандай бір,
Мөп-мөлдір сылдыраған бұлағың да.

Жүрегімді жандырған,
Жылу құйып жаныма.
Бақытты жас балдырған,
Күлші, күлші тағы да.
Достарың да өзіндей,
Мол шаттыққа бөленген.
Келер күннің қызығын,
Жүздеріңнен көрем мен.
Елжіретер жүректі,
Мөлдіреген көздерің.
Елестейді жарқылдап,

Жігіт болар кездерің.
Ондағы бірін жүрерсің,
Кен даладан кен іздеп.
Мақтанарсың бірің:

Біз жасаған теңіз,— деп.
Жазарсындар біреуің,
Нұрлы өмірдің дастаның.
Сонда тағы көрсем-ау,
Қосылғанын бастарың!
Онда ойыншық орнына,

— Бұл —

Талқылап бір жоспарды.
Көрсем, қызу кеңесіп,
Біздерге ақыл қосқанды.
Аймалауға бәрінді.
Жетпес онда құшағым.
Коммунизм ұлдарын,
Бәрібір мен құшамын.
Жүрегімді жандырған,
Жылу құйып жаныма,
Бақытты жас балдырған,
Күлші, күлші тағы да.

А. Шамкенов.

ТЕҢІЗШІЛЕР ЖЫРЫ

Бұйрығын берген шақта қолбасымыз,
Бұзғамыз жаудың талай ордасын біз.
Өр кеуде су үстінде салды ойран,
Айбынды көк дария — жолдасымыз.

Толқынмен бір атылып, бірге батқан,
Жанымыз жаралғандай сом болаттан.
Біз де бір Ұлы Отанның өреніміз,
Ешбір жау жолай алмас теңіз жақтан.

Қорған боп тыныштықтың қамалына,
Тік қарап, дүниенің қабағына,
Тоқтармыз салтанатпен якорь тастап,
Сәулетті Коммунизм гаванына.

Коньки өнерін меңгеріндер!

Өзендер мен көл бетін мұз жапты. Сай-саланы, жалпақ далаларды қар басты. Қысқы спорт маусымы басталды. Спорттың ең қызықты түрінің бірі — конькимен жүгіру спорты. Мұның адамға деген пайдасы аса зор. Ол адам денесінде зат алмасуын, жүрек-қан тамыры және тыныс жүйелері қызметін жақсартады, нерв жүйесін нығайтады,

адамның әржақты дамуын қамтамасыз етеді яғни оның қуатын, шапшаңдығын, төзімділігін, айлакерлігін, ерік күшін арттырады. Журнал оқушыларын таныстыру үшін біз төменде конькимен шапшаң жүгіру спорты туралы ССРО спорт мастери Ораз Қаңлыбаевтың әңгімесін беріп отырмыз.

Паншинның дәстүрімен

Бұл—осыдан 65 жыл бұрын Голландияның Амстердам деген қаласында болған еді. Мұнда көптеген елдердің атышулы конькишілері бас қосты! Бұған дейін әр елдің өзінің жүйрік конькишілері болғанмен, олар дүниежүзілік жарысқа түсіп көрмеген-ді. Кім озар екен, қай елдің өкілі озар екен? — деген сөзді екінің бірі ауызынан тастаған жоқ.

Амстердамға Америкадан өз елінде бірде-бір жеңіліске ұшырамаған Доногю де келді. Мақтаншақ, паң Доногю Европаға келісімен: — Дүние жүзінде маған тең түсетін жан жоқ! — деп мәлімдеді.

Алыстағы Россиядан Амстердамға әлі ешкімге белгісіз жас жігіт Александр Паншин де келген еді. Орыс конькишісі дүниежүзілік чемпион болар-ау деп ешкім де ойлаған жоқ. Жігерлі, тәсілді Паншин жалықпай жаттыққан еді, соңғы жаттығуларды да табандылықпен өткізген ол қайткен күнде де орыс спортының даңқы мен абройын қорғап шығуды өзіне борыш деп санады.

Жарыстың алғашқы күні. Бір мильге (1609 метрге) жүгіру. Конькишілер қос-қостан жүгіріп өтіп жатыр. Міне, мұз үстіне ағылшындар Теббит пен Левде шықты. Теббит қашықтықты жедел өтіп, жақсы нәтижеге, ие болды. Ол 3 минут 3 секундте келді.

Американдық Доногю мұз үстіне асқан сеніммен шықты. Ол қаннен-қаперсіз, күліп келді. Старт алдында:

— Бар аяныштысы менімен бірге әлсіз конькиші орыс Паншин жүгіргелі тұр. Алайда мен ағылшындықтың рекордынан асып түсемін! — деді.

Міне мындаған адам көзі американдық пен орыс жігітіне қадалған. Жарыс бірден қызды. Мұнысы несі? Неліктен Доногю ұдайы сонда, ал орыс спортшысы ұдайы алда келеді? Бұ да бір өзінше тәсіл-айла шығар?

Жоқ, олай емес. Финишке не бары 100 метр қалды, Паншин өз қарқынын бәсеңдетпек түгіл, үдетіп



О. Қаңлыбаев жаттығу үстінде.

барады. Американдық қанша аласұрғанымен жас жігітке жете алмады. Финиш сызығына Александр Паншин бірінші келіп кесіп өтті. Орыс спортшысы конькимен жүгіруден дүниежүзілік рекорд жасап (2 минут 58,6 секунд), дүние жүзінің ең бірінші чемпионы атағын алды.

Арада 17 жыл өтті. Бұл жолы дүниежүзілік бірінші орын алу жарысы Финляндияда өтті. Сол кездегі ең озық конькишілер — норвегиялық Гундерсон және финн Ватэнмен бірге жарысқа орыстың жас конькишісі Николай Седов түсті. Седов барлық қашықтықта шетелдік серіктерінен асып түсіп, ал нағыз алыс қашықтықта — 10000 метрге жүгіруде өзіне өкшелес конькишіден 58 секунд озып келді. Мұндай нәтижеге конькимен жүгіру спорт тарихында ешкім ие болған жоқ-ты.

Седовтан кейін бүкіл дүние жүзіне орыстың тамаша конькишісі Николай Струнниковтың аты жабылды. Ол барлық дүниежүзілік бірінші орын алу жарыстарында да, Европадағы жарыстарда керемет жеңістерге ие болды.

Жеңіс дәстүрін орыс спортшылары қашанда жоғары ұстады. Бытайғы жылдарда Струнниковтан кейін барлық елдердің мұзайдынында орыстың жүйрік конькишілері Василий және Платон Иполитовтар, Николай Найденов және тағы басқалар озық шеберлікпен шапшаңдық көрсете білді. Васи-

лий Иполитов 1913 жылы 10000 метр қашықтықты 17 минут 37,6 секундте жүгіріп өтті, бұл осыған дейінгі дүние-жүзілік рекордты 10 секундке жақсартқан еді.

Иполитовтың әлгі жеңісінен кейін екі жылдан соң орыстың екінші бір конькишісі Яков Мельников өшпес даңққа бөленді. Ол аса төзімді спортшы болатын. Сондықтан да ол алуан түрлі жарысқа қатысты. Мұны дәлелдеу үшін Мельниковтың 11 рет Россияның чемпионы болғанын, халықаралық түрлі жа-

рыстарда әлденеше рет бірінші орын алғанын айтса да жеткілікті.

Совет өкіметі жылдарында конькимен жүгіру спорты нағыз бұқаралық, бүкілхалықтық спортқа айналды. Миллиондаған совет адамдары коньки өнерімен қызыға шұғылданады. Қатарлы конькимен әуестенушілер қатарынан шыққан Иван Аниканов,

Мария Исакова, Константин Кудрявцев, Евгений Летчфорд, Зоя Холщевникова және тағы басқалар соғыстан бұрынғы жылдарда еліміздегі барлық рекордтарды жақсартты.

Александр Паншин бастап берген «Әрқашанда алда болу» деген дәстүрді совет спортшылары аброймен дамыта түсті.

Жеңіс сахнасы

Швейцарияда тау қойнауларының біріне орналасқан бір кішкентай қала бар. Қаланың аты — Давос. Бұл қаланың атын шығарған оның адамға дару сулары емес. Бұл қала коньки спортынан бүкіл дүниежүзілік бірнеше рекордтар жасалған биік тау басындағы мұзайдыны бар болғандықтан барлық елге танылды.

Биік тау басындағы мұзайдыны коньки спортын өркендетуге ерекше мүмкіндік беретін болғандықтан совет спортшылары мұндай айдында көптен құмартқан еді. Мұндай мұзайдыны белгілі дүниежүзілік рекордтар дәрежесіне жетіп, олардан асып түсетін орынға айналды. Ондай мұз айдынын салатын орынды қайдан табуға болады?

Бұл орын ұзақ, тыянақты зерттеуден кейін табылды да. Алматы қасындағы қыста күні шуақ, жылы, желі жоқ, ықтасын, конькиді тұтқырландыратын суының қоспасы тіпті елеусіз Алатау қойнауындағы Медеу деген жер нағыз қолайлы орын боп шықты.

Міне, 1951 жылдың февраль айының бір күні. Биік тау басындағы жаңа айдында жарыс басталды. Жарысқа қатысушы әрбір конькиші белгілі бір қашықтықты жүгіріп өткен сайын, рекордтар кестесіндегі бұрынғы көрсеткіштерді өшіріп, жаңасын жазуға тура келді. Жарыс нәтижесі күткен үміттен де асып түсті. Алматыдағы биік тау басындағы мұзайдыны дүние жүзіндегі ең жақсы айдын екені анықталды. Мұзайдыны жеңіс сахнасына айналды.

1953 жыл дүние жүзі чемпионы атағы тағы да орыс спортшыларының қолына көшкен сәтті жыл болды. Көптеген елдердің өкілдерімен жарыста көп салалы күрестен ұпай санын арттырып, москвалық Олег Гончаренко дүние жүзі чемпионы алтын медал

алды. Бірақ, бұл жарысқа дүниедегі ең мықты конькишілердің бірі норвегиялық Андерсен қатыспады. Сондықтан спортшылар қауымы 1954 жылғы жарыстарды асыға күтті.

Алыстағы Жапонияның Саппоро аралындағы он мыңдаған халық жыйналған мұзайдынында 1954 жылы қыста дүние жүзіндегі жүйрік конькиші атағын алу үшін күрес басталды. Өздерінің күші мен шеберлігіне қарағанда бұл атаққа үш адам — совет спортшылары Олег Гончаренко мен Борис Шилков және норвегиялық Андерсен ие болуға тиісті еді. Жапон мұзайдынының нашарлығына қарамастан Борис Шилков барлық қашықтықта озып шығып, дүние жүзі чемпионы атағын алды. Екінші орынға Гончаренко шықты.

Еуропа бойынша бірінші орын алу жарысы болғанда да осы жеңіс тағы да совет спортшыларының қолында болды. Жарысқа қатысушылардың бәрінен тағы да Б. Шилковтың өнері асып шықты. Әйелдерден бірінші орынды совет спортшысы Лидия Селихова алды. Қазірде дүние жүзіндегі ең күшті конькишілер қатарындағы О. Гончаренко, Б. Шилков, Л. Селихова, Римма Жукова, Халида Щеголеева, Ольга Акифьева, Дмитрий Сакуненко және көптеген конькишілер жоғары жылдамдықты дамытуды біздің Алматыдағы мұзайдынында үйренді. Шеберлігін осында арттырды. Өз қол астында осындай тамаша мұзайдынының болуы Қазақстан спортшыларын да мол табысқа жеткізді. Олардың қатарынан спорт шеберлері мен күшті бірінші разрядшылар өсіп шықты. Солардың бәрі де бір кезде сендердей мектеп оқушылары болатын. Спортпен қызыға шұғылданаңдар, сендердің араларыңнан да совет спорты даңқын жаңа сатыға көтеретін шеберлер шығатыны сөзсіз.

Мұқабаның бірінші бетіндегі «Қыс күні» деген суретті салған Н. Лебедев.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибрасва А., Иманжанов М., Қыйрабаев С., (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор Э. Рогоза.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 24/XI 1954 г. УГ11322 Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 15.400. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1723.



Дешалы

УАҚЫТЫҢДАА



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1954 жылғы 8-9-10 номерлерінде басылған түрлі жұмбақтардың шешуі:

«КРОССВОРД»

Көлденеңінен оқығанда:

1. Көл. 3. Армения. 5. Азор. 7. Баку. 9. Бон. 10. Куба. 13. Крит. 15. Сан. 16. Рур. 17. Куса. 19. Тигр. 21. Рим. 23. Руза. 24. Ялта. 27. Тегеран. 28. Нил.

Тігінен оқығанда:

1. Қам. 2. Лена. 3. Азов. 4. Ямал. 5. Атбасар. 6. Дон. 8. Украина. 10. Кук. 11. Чад. 12. Мур. 14. Тар. 18. Фил. 20. Азат. 22. Клин. 25. Аган. 26. Урал.

«РЕБУС»

«Қу ағаштың басында құтырған адам айқайлар».

«ЖҰМБАҚТАР»


1. Пыяз. 2. Газет, журнал.

ШАХМАТ

1. ф е б

Бау ішінде


Ағаштардың орналасуы суретте көрсетілген.



Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

С. Нұқова (Ойыл ауданы), І. Батқолдаев (Қаскелен ауданы) Б. Шаханов (Ақмола облысы) Ж. Салыбаев (Келес ауданы), Ә. Аяпов (Жалағаш ауданы), С. Аймбетов (Арал).

КРОССВОРД




Көлденеңінен оқығанда:

5. Балалар ұйымының мүшесі. 7. Азиядағы мемлекеттің астанасы. 10. Отанына берік берілген азамат. 11. РСФСР-дағы облыс орталығы. 12. Тілек. 13. Мағнасы ұқсас сөз. 15. Оқу. 18. Халықтық-демократия республикасының астанасы. 20. Ойын-сауық орны. 21. Географиялық атау. 22. Бас сүйектің бөлегі. 23. Ауыл шаруашылық құралы. 24. Мектеп жабдығы. 26. Қырымдағы балалар лагері. 28. Кавказдағы өзен. 31. Ақшаның қазақша ескі түрі. 32. Қазақ совет жазушысы. 35. Азиядағы мемлекеттің астанасы. 38. Күлкілі пьеса. 39. Ертедегі грек ғалымы. 40. Туыстас. 41. Татар совет жазушысы.

Тігінен оқығанда:

1. Ескі Римдегі құлдар көтерілісінің басшысы. 2. Радионы ойлап табушы. 3. Оңтүстік жемісі. 4. Музыкалық аспап. 6. Әдеби шығарма. 7. Геометриялық термин. 8. Жоғарғы сыйлық алған адам. 9. С. Мұқановтың романы. 14. Туған ел. 16. Халықтық-демократия республикасының астанасы. 17. Азат ету. 18. Қағаз қалта. 19. Түркиядағы шекаралық өзен. 24. Орыс совет жазушысы. 25. Белгілі бір орын. 27. А. Первенцевтың повесті. 29. Күрделі машина. 30. Өмірдің жиренішті жақтарын, зілді мысқылмен суреттейтін жазушы. 33. Су өсімдігі. 34. Батыс Қазақстандағы құм. 36. Химиялық элемент. 37. Грамматикалық термин.

С. Демидов,
Талдықорған облысы,
Панфилов ауданы.



Ребус

Бұл ребусты шешкенде сапа жөнінде айтқан қазақ мақалы шығады.

О. Әубәкіров.